



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қолдану жөніндегі талаптар мен басшылық

СИСТЕМЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА

Требования и руководство по применению

ҚР СТ ISO 14001-2016

*(ISO 14001:2015, «Environmental management systems — Requirements with guidance for use»
(IDT))*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

ИИН: 050940004241

№ счёта на оплату: 6334

Дата выдачи: 25.01.2017

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"
Выдан документ РПТ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Наименование: ТОО "QS Azia Serтік"

Выдан документ РГП "Қазақстанский институт стандартизации и сертификации"

Дата выдачи: 25.01.2017

ИНН: 050940004241

№ счета на оплату: 6334



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қолдану жөніндегі талаптар мен басшылық

ҚР СТ ISO 14001-2016

*(ISO 14001:2015, «Environmental management systems — Requirements with guidance for use»
(IDT))*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

ИИН: 050940004241

№ счёта на оплату: 6334

Дата выдачи: 25.01.2017

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"

Выдан документ РПТ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

АЛҒЫСӨЗ

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» ШЖҚ РМК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2016 жылғы «14» қарашадағы № 285-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 14001:2015 «Environmental management systems — Requirements with guidance for use» (Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану бойынша нұсақулық) халықаралық стандартына балама.

ISO 14001:2015 халықаралық стандартын ISO/TC 207 «Экологиялық менеджмент» техникалық комитетінің SC 1 «Экологиялық менеджмент жүйелері» кіші комитеті дайындады.

Ағылшын тілінен аударма - (en).

Оның негізінде осы ISO 14001:2015 ұлттық стандарт дайындалған және оған сілтеме берілген еуропалық стандарттардың ресми даналары нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Стандарт мәтіндегі сілтеме стандарттары өзектірілген.

Сәйкестік дәрежесі - бірдей (IDT).

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II және «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасы Заңдарының ережелері іске асырылды

**БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2021 жылы
5 жыл**

6 **ҚР СТ ISO 14001-2006 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулық» ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөнiндегi нормативтiк құжаттар» ақпараттық сiлтемесiнде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтiнi – ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сiлтемесiнде жарияланады. Осы стандартты қайта қарастырған (ауыстырған) немесе жойған жағдайда тиiстi хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сiлтемесiнде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Ұйым ортасы	5
5	Басшылық	6
6	Жоспарлау	7
7	Қамтамасыз ету құралдары	9
8	Қызметі	12
9	Қызмет нәтижелерін бағалау	13
10	Жақсарту	14
	А қосымшасы (ақпараттық) Осы халықаралық стандарты қолдану бойынша нұсқаулық	16
	В қосымшасы (ақпараттық) ISO 14001:2015 және ISO 14001:2004 арасындағы сәйкестік	31

Кіріспе

0.1 Кіріспе ақпарат

Қоршаған орта, қоғам мен экономика арасында тепе-теңдікке жету өз қажеттіктерін қанағаттандыруды келешек ұрпақтың мүмкіндіктеріне қауіпсіз өмір сүретін ұрпақ қажеттіктері үшін маңызды деп саналады. Мақсат ретінде орнықты даму орнықты даму негіздерін теңдестірумен қол жеткізіледі.

Қоғамның орнықты дамуды, мөлдірлік пен есеп берудегі күтулері барынша қатаң заңнамамен, ластану салдарынан қоршаған ортаға жүктемелермен, ресурстарды тиімсіз пайдаланумен, қалдықтарды тиісті бақылау және кәдеге жаратумен, климат өзгеруі, экожүйенің қажуы және био түрліліктің жоғалуымен бірге жүреді.

Бұл ұйымды қоршаған ортаны басқаруға жүйелі келуді қабылдауға, орнықты дамудың экологиялық нешізіне үлес енгізу мақсатында экологиялық менеджмент жүйесін енгізуге әкеледі.

0.2 Экологиялық менеджмент жүйесінің мақсаты

Осы стандарт мақсаты ұйымдарға қоршаған ортаны қорғау құрылымын беру және әлеуметтік-экономикалық қажеттіктермен тепе-теңдікте қоршаған орта жағдайын өзгеруіне жауап беру болуып табылады. Ол өзінің экологиялық менеджмент жүйесі алдына қоятын болжалды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін ұйымға талаптарды белгілейді.

Экологиялық менеджментке жүйелі келу жоғары басшылықты ұзақ уақыт бойына жемісті дамытуға мүмкіндік беретін мәліметтермен қамтамасыз ете алады және мыналар арқылы орнықты дамуға үлес қосудың нұсқаларын құруға мүмкіндік береді:

— қоршаған ортаға қотлайсыз әсер етулерді болдырмау немесе азайту жолымен қоршаған ортаны қорғау;

— ұйымға қоршаған орта жағдайларының әлеуметті қолайсыз әсерлерін азайту;

— ұйымға талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерін орындауға көмектесу;

— экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту;

— ұйым шығаратын өнімдер және ұйым көрсететін қызметтерді жобалау, дайындау, тарату, тұтыну тәсілдеріне, сондай-ақ өмірлік цикл бойына өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату қасиеттерін бақылау немесе әсер ету, бұл өмірлік цикл бойына қоршаған ортаға қасақана әсер етуді басқа арнаға бұруын алдын алуға көмектеседі;

— ұйымның рыноктағы орнын күшейтетін экологиялық қауіпсіз баламаларды енгізуден алуға болатын қаржы және пайдалану табыстарын алу;

— мүдделі тараптармен экологиялық ақпарат алмасу.

Осы стандарт басқа халықаралық стандарттарға балама ұйымға заңмен салынатын міндеттемелерді өзгерту немесе қатайту үшін арналмаған.

0.3 Жетістік факторлары

Экологиялық менеджмент жүйесінің жетістігі ұйымның әсіресе жоғары басшылық деңгейінде қабылдайтын барлық атқарымдық деңгейлеріндегі міндеттемелеріне байланысты болады. Ұйым қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулерді болдырмау немесе азайту бойынша мүмкіндіктер ала алады және стратегиялық және қамтамасыз ететін бәсекелестік нәтижелер беретін дерде қолайлы әсер етулерге көмектесе алады. Жоғары басшылық экологиялық менеджментті ұйымның бизнес процестеріне біріктіріп тәуекелдер мен мүмкіндіктерді, оларды бизнес басымдықтарымен теңдестіріп және ұйымның жалпы менеджмент жүйесіне экологиялық басқаруды кірістіріп стратегиялық бағыттар мен шешімдер қабыладуды тиімді ескере алады. Осы стандарты жемісті енгізуді

көрсетуді экологиялық менеджменттің тиімді жүйесі құрылғанына мүдделі тараптарды растау үшін пайдалануға болады.

Осы стандартты қабылдау өзімен қоршаған ортаны қорғаудағы оңтайлы нәтижелерге кепілдік береді. Осы стандартты қолдану түрлі ұйымдар үшін өз ұйымының арасында орта есебінен ерекшелену мүмкіндігін береді. Екі ұйым ұқсас қызметті жүзеге асыра алады, бірақ талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша түрлі міндеттемелерге, өзінің экологиялық саясаты, өкөршаған ортаны қорғау технологиялары мен экологиялық қызметтің қорытынды нәтижелері бойынша түрлі міндеттемелерге ие бола алады, бұл жағдайда екі ұйым да осы стандарт талаптарына сәйкесе алады.

Экологиялық менеджмент жүйесінің элементтері мен күрделілік деңгейлері ұйым ортасына, оның экологиялық менеджмент жүйесін қолдану саласына, талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері мен қызметінің, өнімдер мен іс-әрекетінің сипатына, оның экологиялық аспектілері мен тиісті экологиялық ортаға әсері бойынша ерекшелене алады.

0.4 «Жоспарлау– Орындау – Бақылау – Іс-әрекет» моделі

Экологиялық менеджмент жүйесі негізіне жатқан тәсіл Plan-Do-Check-Act (Plan-Do-Check-Act = Жоспарлау– Орындау – Бақылау – Іс-әрекет) (PDCA) тұжырымдамасына негізделеді. PDCA моделі ұйымдардың тұрақты жақсартуға жетуі үшін пайдаланатын итерациялық процесті қамтамасыз етеді. Бұл модель экологиялық менеджмент жүйесінге және оның әр жеке элементтеріне қолдануға болады. Бұл модельді қысқаша түрде мына үлгімен сипаттауға болады:


— Жоспарлау: ұйымның экологиялық саясатына сәйкесетін нәтижелер алу үшін қажетті мақсаттар мен процестерді әзірлеу;

— Орындау: жоспарға сәйкес процестерді енгізу.

— Бақылау: міндеттемелер, экологиялық мақсаттар мен сенімді жұмыс өлшемдері және нәтижелерді хабарлауды қоса экологиялық саясатты іске асыруға қатысты процестерге мониторинг және өлшеулер жүргізу

— Іс-әрекет: тұрақты жақсарту бойынша іс-әрекетті орындау.

1-суретте осы стандартпен енгізілген құрылымды жүйелі тәсіл маңыздылығын түсінуде жаңа және бар пайдаланушыларға көмектесе алатын PDCA моделіне біріктіруге болатыны көрсетілген.



1-суреті — PDCA мен осы стандарт құрылымы арасында өзара байланыс

0.5 Осы стандарт мазмұны

Осы стандарт менеджмент жүйелеріне арналған стандарттарға қойылатын ISO талаптарына сәйкеседі. Бұл талаптар жоғары деңгейдегі құрылымды, балама негіз құраушы мәтінді және менеджмент жүйелеріне бірнеше ISO стандарттарын енгізетін пайдаланушыларға көмек ретінде ұсынылған негізгі анықтамаларымен жалпы терминдерді қамтиды.

Осы стандарт менеджменттің басқа жүйелеріне тән талаптарды белгілемейді, атап айтқанда сапа менеджменті жүйелері немесе персонал денсаулығы және қауіпсіздігін қорғау менеджменті, энергетикалық менеджмент және қаржы басқару жүйелеріне сәйкес келмейді. Сонымен бірге осы стандарт ұйымға өзінің экологиялық менеджмент жүйесін менеджменттің басқа жүйелерінің талаптарымен біріктіру үшін ойлану тәуекелдерін бағалауға негізделген жалпы тәсілді пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы стандарт сәйкестікті бағалау үшін пайдаланылатын талаптардан тұрады. Осы стандарт талаптарына сәйкестікті көрсеткісі келетін ұйым мыналар арқылы оны жасай алады:

- өзін анықтау және өзін декларациялау, немесе

- өзінің ұйым қызметіне мүдделі тараптар, мысалы тұтынушылар көмегімен өз сәйкестігін растауға ұмтылу, немесе
- сыртқы тараптың оны декларациялаумен растауға ұмтылуын, немесе
- тараптың ұйымның оның экологиялық менеджмент жүйесін сертификаттау/тіркеуге ұмтылу.

А қосымшасы осы стандарт талаптарын дұрыс түсінбеуді болдырмау мақсатында түсіндіру ақпаратын береді. В қосымшасы осы стандарттың алдыңғы басылымы мен осы оның басылымы арасында техникалық ауқымды сәйкестікті көрсетеді. Экологиялық менеджмент жүйесін енгізу бойынша нұсқаулықты ISO 14004 қара.

Осы стандартты мынадай етістік нысандары пайдаланылады:

- “керек» талапты көрсетеді;
- “тиіс» нұсқаулықты білдіреді;
- “рұқсат етіледі» рұқсатты білдіреді;
- “мүмкін» мүмкіндік немесе тиесілікті көрсетеді.

«Ескертпе» ретінде белгіленген ақпаратосы құжатты түсіну немесе пайдалануды жеңілдету үшін арналған. 3-бөлімде пайдаланылатын терминологиялық бапқа қосымша ақпарат береді және терминді пайдалануға қатысты ережеден тұра алады.

3-бөлімде терминдер мен анықтамалар мәндік тәртіпте ұйымдастырылған, ал құжат соңында әліпбилік сілтеме берілген.

ҚР СТ ISO 14001-2016

ИИН: 050940004241

№ счета на оплату: 6334

Дата выдачи: 25.01.2017

Наименование: ТОО "QS Azia Serтік"

Выдан документ РГП "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қолданылу жөніндегі талаптар мен басшылық

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ұйым экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту үшін пайдалана алатын экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Аталған стандарт өзінің қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелерін жүйелі бақылауға ұмтылатын ұйым пайдалануы үшін арналған, ол орнықты дамудың экологиялық негіздеріне өз үлесін қосады.

Осы стандарт ұйымға өзінің экологиялық менеджмент жүйесінің көмегімен болжанатын қорытынды нәтижелерге жетуіне көмектеседі, бұл қоршаған орта, ұйымның өзі және мүдделі тараптар үшін тиімді. Ұйымның экологиялық саясатымен келіскен, экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығысы мынаны қамтиды:

- экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту;
- талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындау;
- экологиялық мақсаттарға жету.

Осы стандарт ұйымның түрі мен көлеміне, оның қызмет сипатына, сондай-ақ оның қызметінің экологиялық аспектілеріне, ұйым өмірлік циклі бойына оларға әсер етіп немесе бақылай алатын өнімдер мен қызметтерге қарамастан, кез келген ұйымға қолданылады. Осы стандарт экологиялық тиімділіктің нақты өлшемдерін белгілемейді.

Осы стандартты экологиялық менеджментті жүйелі жақсарту үшін бүтін немесе жартылай пайдалануға болады. Осы стандартқа сәйкестік туралы мәлімдеме, алайда, егер оның барлық талаптары ұйымның экологиялық менеджментті жүйесіне қосылған және толығымен орындалмаса, қабылданбайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Нормативтік сілтемелер жоқ.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады.

3.1 Ұйым басқаруға қатысты терминдер

3.1.1 Менеджмент жүйесі (management system): Осы мақсаттарға жету үшін саясаты әзірлеу мен *мақсаттар* (3.2.5) мен *процестерді* (3.3.5) белгілеу үшін *ұйымның* (3.1.4) өзара байланысты немесе өзара әрекет ететін элементтерінің жинағы.

Ескертпелер

1 Менеджмент жүйесі бір немесе бірнеше пәнге қатысты бола алады (мысалы сапа, қоршаған орта, денсаулық және персонал қауіпсіздігі, энергия, қаржы менеджменті).

2 Жүйе элементтері ұйым құрылымын, жауаптылық қызметі мен саласын, жоспарлау мен әрекетті, қызмет нәтижелерін бағалау және жақсартуды қамтиды.

3 Менеджмент жүйесінің қолданылу саласы бүтін ұйымды, ұйымның нақты және сәйкестендірілген қызметтерін, ұйымның нақты және сәйкестендірілген бөлімшелерін немесе ұйым тобының бір немесе бірнеше қызметтерін қамти алады.

ҚР СТ ISO 14001-2016

3.1.2 Экологиялық менеджмент жүйесі (environmental management system): Экологиялық аспектілерді (3.2.2) басқару, талаптарды (3.2.9) сақтауды қамтамасыз ету және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді (3.2.11) есепке алу бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдаланылатын менеджмент жүйесінің (3.1.1) бөлігі.

3.1.3 Экологиялық саясат (environmental policy): Ұйымның жоғары басшылығы (3.1.5) ресми мәлімдеген, экологиялық тиімділікпен (3.4.11) байланысты ұйым (3.1.4) қызметінің ниеті мен бағыты.

3.1.4 Ұйым (organization): Өз міндеттерін (3.2.5) орындау үшін өз қызметтері және жауаптылыққа, өкілеттіктер мен байланыстарға ие тұлға немесе тұлғалар тобы.

Ескертпе – Ұйым түсінігі жеке тұлға, компания, корпорация, фирма, кәсіпорын, билік органын, серіктестік, қайырымдылық қоғамын немесе мекемені, аталғандардың бөлігі немесе жиынтығын, ресми құрылған немесе құрылмаған, мемлекеттік немесе жеке ұйымды білдіреді, бірақ олармен шектелмейді.

3.1.5 Жоғары басшылық (top management): Ұйым (3.1.4) қызметін жоғары деңгейде бағыттап бақылайтын тұлға немесе тұлғалар тобы.

Ескертпелер

- 1 Жоғары басшылық ұйым шеңберінде өкілеттік беру және ресурстар бөлу билігіне ие.
- 2 Егер менеджмент жүйесінің (3.1.1) қолданылу саласы тек ұйым бөлігін қамтыса, онда жоғары басшылық осы ұйым бөлігін бағыттап басқаратынға жатады.

3.1.6 Мүдделі тарап (interestedparty): Қызметтерді жүзеге асыру немесе шешім қабылдауға әсер ете алатын, олардың әсеріне түсе алатын немесе оларды соңғылары ретінде қабылдай алатын жеке тұлға немесе ұйым (3.1.4).

Ескертпе - “Әсеріне түсетін ретінде өзін қабылдау (қызмет немесе ұйым шешімі тарапынан)” қабылдау ұйым қаперіне дейін жеткізілгенін білдіреді.

Мысал – Тұтынушылар, қоғамдастық, жеткізушілер, реттеуші органдар, үкіметтік емес ұйымдар, инвесторлар және жалданбалы жұмыскерлер.

3.2 Жоспарлауға қатысты терминдер

3.2.1 Қоршаған орта (environment): Ауа, су, жер, табиғи ресурстар, флора, фауна, адамдар мен олардың өзара қарым-қатынастарын қоса, ұйым (3.1.4) жұмыс істейтін қоршаған орта.

Ескертпелер

- 1 Қоршаған орта ұйым шегінен шығып жергілікті, өңірлік және жаһандық жүйелерге дейін шыға алады.
- 2 Қоршаған орта биоәртүрлілік, экожүйелер, климат және басқа сипаттамалар тұрғысынан сипаттала алады.

3.2.2 Экологиялық аспект (environmental aspect): Ұйым (3.1.4) қызметінің элементі, оның қоршаған ортамен (3.2.1) әсер ететін немесе әсер ете алатын өнімдері немесе қызметтері.

Ескертпе

- 1 Экологиялық аспект қоршаған ортаға (3.2.4) әсер ету (әсер етулер) тудыра алады. Маңызды экологиялық аспект қоршаған ортаға бір немесе бірнеше маңызды әсер етулер көрсетеді немесе көрсете алады.
- 2 Маңызды экологиялық аспектілер ұйыммен бір немесе бірнеше өлшемдер бойынша анықталады.

3.2.3 Қоршаған орта жағдайы (environmental condition): Нақты бір уақыт сәтінде анықталған қоршаған орта (3.2.1) жағдайы немесе сипаттамасы

3.2.4 Қоршаған ортаға әсер ету (environmental impact): Теріс немесе оң сипатты, ұйымның (3.1.4) экологиялық аспектілерінің (3.2.2) нәтижесі болып табылатын толық немесе жартылай қоршаған ортадағы (3.2.1) кез келген өзгеріс.

3.2.5 Мақсат (objective): қол жеткізілуі тиіс мақсат.

Ескертпелер

- 1 Мақсат стратегиялық, татикалық немесе оперативті бола алады.
- 2 Мақсаттар түрлі пәндерге (мысалы қаржы, денсаулық қорғау және қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау) және түрлі деңгейлерде (мысалы стратегиялық, ұйым, жоба, өнім, қызметтер мен процестер (3.3.5) көлемінде) қолданыла алады
- 3 Мақсат мысалы мына үлгімен көрсетуге болады: болжалды қорытынды, нәтиже, жұмысшы өлшем, экологиялық мақсат (3.2.6) немесе басқа сөзбен айтқанда балама мәнді (мысалы ниет, тапсырма немесе міндет).

3.2.6 Экологиялық мақсат (environmental objective): ұйым (3.1.4) алдына қойған және оның экологиялық саясатына (3.1.3) сәйкес келетін мақсат (3.2.5).

3.2.7 Ластаудың алдын алу (prevention of pollution): Қоршаған ортаға (3.2.4) әсерін азайту мақсатында ластаудың немесе қалдықтардың кез келген типінің құрылуын, тасталуын немесе жойылуын (жеке немесе қосып) болдырмауға, азайтуға немесе бақылауға мүмкіндік беретін процестерді (3.3.5), практикалық әдістерді, материалдарды, өнімдерді, қызмет көрсетуді немесе энергияны пайдалану.

Ескертпе - Ластаудың алдын алуға ластау көзін азайту немесе жою, процесті, өнімді немесе қызмет көрсетуді өзгерту, ресурстарды тиімді пайдалану, материалдарды немесе энергияны ауыстыру, қайта пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату, регенерация және өңдеу кіреді.

3.2.8 Талап (requirement): қалыптастырылған, әдетте орындалатын немесе міндетті түрде орындалуы керек қажеттік немесе шарт.

Ескертпелер

- 1 “Әдетте орындалатын” ұйымның (3.1.4) және мүдделі тараптардың (3.1.6) әдеттегі немесе дәстүрлі қалыбындағы қарастырылатын қажетті немесе болжамның орындалатынын білдіреді.
- 2 Білгелінген тарап мысалы құжатталған ақпаратты болып табылады (3.3.2).
- 3 Заңнамалықтан басқа талаптар, егер ұйым оларды сақтау шешімін қабылдаса, орындау үшін міндетті болады.

3.2.9 Талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер (compliance obligations): (қалаулы термин) заңнамалық және басқа талаптар.

Ескертпелер

- 1 Талаптарды сақтауды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер экологиялық менеджмент (3.1.2) жүйесімен байланысты.
- 2 Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптар қолданылатын заңдар мен регламенттер талаптары немесе ұйым үшін нормалар мен зөнеркәсіптік стандарттар, келісімшарттар, қалыптасқан практика кодтары мен қоғамдық топтармен және үкіметтік емес ұйымдармен бекітілген келісімдер талаптары сияқты міндетті талаптардан шыға алады.

3.2.10 Тәуекел (risk): Белгісіздік әсері.

Ескертпелер

- 1 Әсер – болжамнан оң немесе теріс ауытқу.
- 2 Белгісіздік – бұл кейбір оқиғаға қатысты кемшілік тіпті жартылау кемшілік. Осы оқиға, оның салдарлары немесе оның туындау ықтималдығына қатысты түсінік пен білім жетіспеушілігі

ҚР СТ ISO 14001-2016

3 Тәуекел жиі әлеуетті «оқиғалар» (ISOGuide 73:2009, 3.5.1.3 анықталғандай) мен «салдарлар» (ISOGuide 73:2009, 3.6.1.3 анықталғандай) немесе олардың біріккен түрі ретінде сипатталады.

4 Тәуекел жиі кейбір оқиғалар салдарларының жинағы (міндеттемелер өзгеруін қоса) және тиісті оның туындауы (ISOGuide 73:2009, 3.6.1.1 анықталғандай) ықтималдығы тұрғысынан байқалады.

3.2.11 Тәуекел мен мүмкіндіктер (risksandopportunities): Әлеуетті қолайсыз әсерлер (қауіптер) мен әлеуетті қолайлы әсерлер (мүмкіндіктер).

3.3 Қолдау мен жұмысқа қатысты терминдер

3.3.1 Құзыреттік (competence): Болжалды нәтижелерге жету үшін білім мен тәжірибені қолдана алушылық.

3.3.2 Құжатталған ақпарат (documentedinformation): Ұйым (3.1.4) басқарып қолдауы керек ақпарат және онда болатын жеткізуші.

Ескертпелер

1 Құжатталған ақпарат кез келген пішінде кез келген жеткізушіде және кез келген көзден келіп түсе алады.

2 Құжатталған ақпарат мыналарға қатысты бола алады:

- туыстық процестерді (3.3.5) қамтитын *экологиялық менеджмент жүйесі* (3.1.2);
- ұйымның жұмыс істеуі үшін құрылған ақпарат (оның ішінде құжаттама);
- қол жеткізілген нәтижелер куәліктері (оның ішінде жазбалар).

3.3.3 Өмірлік цикл (life cycle): Шикізатты сатып алудан немесе табиғи ресурстарды игеруден қорытынды кетіру (қалдықтар) немесе қызметтер көрсетуге дейінгі өнім өндіру жүйесінің жүйелі және өзара байланысты кезеңдері.

Ескертпе – Өмірлік цикл кезеңдеріне шикізат, жобалау, өндіру, тасымалдау/тиеу, қолдану, қорытынды өңдеу және қорытынды жою (қалдықтар) кіреді.

3.3.4 тараптық орындаушыларға беру (outsourcе): оған сәйкес ұйым (3.1.4) қарастырылатын ұйым қызметінің бөлігін немесе процесін (3.3.5) орындайтын келісім бекіту.

Ескертпе – Сыртқы ұйым менеджмент жүйесін (3.1.1) қолдану саласынан тыс болады, оның ішінде берілген қызмет немесе процесс оның қолданылу саласында болады.

3.3.5 Процесс (process): Кіретін ағындарды шығатынға түрлендіретін қызметтің өзара байланысты немесе өзара әрекет ететін түрлерінің қатары.

Ескертпе – Процесс құжатталған немесе құжатталмаған болуы мүмкін.

3.4 Қызмет нәтижелерін бағалау және жақсартуға жататын терминдер

3.4.1 Аудит (audit): Онда аудит өлшемдері орындалатын дәрежені анықтау үшін оны аудиторлық растау және объективті бағасын алу үшін жүйелі, тәуелсіз және құжатталған процесс (3.3.5).

Ескертпелер

- 1 Ішкі аудит ұйымның (3.1.4) өзі өткізеді немесе осы ұйым атынан басқа тарап өткізеді.
- 2 Аудит жиынтық (екі және одан артық пәндерді біріктіретін) бола алады.
- 3 Тәуелсіздікті аудит барысында тексерілетін қызметке жауаптылықтан еркіндік немесе жүйелі кінәрат пен мүдделер қақтығысының болмауы арқылы көрсетуге болады.
- 4 “Аудит куәлігі” аудит өлшемдеріне қатысты және тексеріле алатын жазбаларды, факт белгілеуді

немесе басқа ақпаратты қамтиды, ал «аудит өлшемдері» ISO 19011:2011, 3.3 және 3.2-т сәйкес анықталғандай аудит куәліктерімен салыстыру үшін пайдаланылатын саясаттар, процедуралар немесе талаптар (3.2.8) жиынтығы болып табылады.

3.4.2 Сәйкестік (conformity): Талаптарды орындау (3.2.8)

3.4.3 Сәйкеспеушілік (nonconformity): Талаптардың орындалмауы (3.2.8)

Ескертпе – Сәйкеспеушілік осы стандарттағы талаптарға және ұйым (3.1.4) өзі үшін өзі белгілейтін экологиялық менеджмент (3.1.2) жүйелерінің қосымша талаптарына қатысты болады.

3.4.4 Түзету әрекеттері (correctiveaction): Сәйкеспеушілік (3.4.3) себептерін жою және оның қайталануын болдырмау бойынша іс-әрекет.

Ескертпе – сәйкеспеушіліктер себебі бірнеше бола алады.

3.4.5 Тұрақты жақсарту (continualimprovement): Қызмет нәтижелерін жақсарту бойынша қайталанбалы әрекет (3.4.10)

Ескертпелер

1 Қызмет нәтижелерін жақсарту ұйымның (3.1.4) экологиялық саясатына (3.1.3) сәйкес экологиялық қызмет (3.4.11) нәтижелерін жақсарту үшін экологиялық менеджмент жүйесінің (3.1.2) пайдалануына жататын қызмет нәтижелерін жақсарту.

2 Қызмет (ұйымның) барлық алаңда бір уақытта немесе үздіксіз жүргізілуі міндетті емес.

3.4.6 Нәтижелік (effectiveness): Жоспарланған іс-әрекетті іске асыру және жоспарланған нәтижелерге жету дәрежесі.

3.4.7 Көрсеткіш индикатор (indicator): Операция, менеджмент немесе талаптар жағдайының немесе мәртебесінің өлшенетін көрінісі.

3.4.8 Мониторинг (monitoring): Жүйе, процесс (3.3.5) немесе қызмет мәртебесін анықтау

Ескертпе – мәртебені анықтау үшін тексеру, қадағалау немесе сындарлы бақылау талап етіле алады.

3.4.9 Өлшеу (measurement): маңыздылықты анықтау *процесі* (3.3.5).

3.4.10 Қызмет нәтижесі (performance): өлшенетін қорытынды.

Ескертпелер

1 Қызмет нәтижелері сандық немесе сапалық алынған деректерге жатқызыла алады.

2 Қызмет нәтижелері қызмет менеджментіне, процестерге (3.3.5), өнімді өндіру жүйелеріне (қызметтер көрсетуді қоса) немесе ұйымға (3.1.4) жатқызыла алады.

3.4.11 Экологиялық қызмет нәтижелері, экологиялық тиімділік (environmentalperformance): *экологиялық аспектілерді (3.2.2) басқарумен байланысты қызмет нәтижелері* (3.4.10)

Ескертпе – Экологиялық менеджмент жүйесі (3.1.2) үшін нәтижелер ұйымның (3.1.4) экологиялық саясаты (3.1.3), экологиялық мақсатын (3.2.6) немесе индикаторларды (3.4.7) пайдаланып басқа өлшемдерді өлшеуге болатын нәтиже.

4 Ұйым ортасы

4.1 Ұйым мен оның ортасын түсіну

Ұйым өзінің мақсаттарына қатысты болатын және өзінің экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстарына жету қасиеттеріне әсер ететін сыртқы және ішкі проблемаларды анықтауы керек. Бұндай проблемалар ұйым тарапынан түсіріле алатын

ҚР СТ ISO 14001-2016

қоршаған орта шарттарын қамти алады немесе оған өздері әсер ете алады.

4.2 Мүдделі тараптар қажеттіктері мен күтулерін түсіну

Ұйым:

- a) Экологиялық менеджмент жүйесіне сәйкесетін мүдделі тараптарды;
- b) Осы мүдделі тараптардың тиісті қажеттіктері мен күтулерін (яғни талаптарды);
- c) Осы қажеттіктер мен күтулердің ұйым үшін талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері болатынын анықтауы керек.

4.3 Экологиялық менеджмент жүйесін қолдану саласын анықтау

Ұйым оның қолданылу салаларын белгілеу үшін экологиялық менеджмент жүйесінің шекаралары мен қолданылуын анықтауы керек.

Қолданылу саласын анықтау кезінде ұйым мыналарды қарастыруы керек:

- a) 4.1-т көрсетілген сыртқы және ішкі проблемаларды;
- b) 4.2-т көрсетілген талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді;
- c) Өзінің бөлімшелері, қызметтері мен физикалық шекараларды;
- d) Өзінің қызметі, өнімі мен іс-әрекеті;
- e) Өзінің өкілеттіктері мен бақылау мен әсер етуді жүзеге асыру қасиеті.

Қолданылу саласын анықтағаннан кейін оның қолданылу саласы шеңберінде экологиялық менеджмент жүйесіне барлық қызмет түрлерін, ұйым өнімдері мен қызметтерін қосуы керек.

Қолданылу саласы құжатталған ақпарат ретінде қызмет көрсетілуі және мүдделі тараптар үшін қол жеткізімді болуы керек.

4.4 Экологиялық менеджмент жүйесі

Өзінің экологиялық қызметінің нәтижелерін жақсартуды қоса болжалды шығыстарға жету үшін ұйым осы стандарт талаптарына сәйкес қажетті процестер мен олардың өзара әрекетін қоса экологиялық менеджмент жүйесін құруы, енгізуі, қызмет көрсетуі және тұрақты жақсартуы керек.

Экологиялық менеджмент жүйесін құру мен қызмет көрсету кезінде ұйым 4.1 және 4.2 алынған білімдерін қарастыруы керек.

5 Басшылық

5.1 Басшылық және міндеттемелер

Жоғары басшылық мыналар арқылы экологиялық менеджмент жүйесіне қатысты жетекші рөлі мен міндеттемелерді көрсетуі керек:

- a) Экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелігіне қатысты есеп беруді енгізу;
- b) Экологиялық саясатты әзірлеуді және экологиялық мақсатты белгілеу мен оның ұйымның стратегиялық бағыттары мен ортасымен сыйысымдылығын қамтамасыз ету;
- c) Экологиялық менеджмент жүйесі талаптарын ұйымның бизнес-процестеріне біріктіруді қамтамасыз ету;
- d) Экологиялық менеджмент жүйелері үшін қажетті ресурстардың болуын қамтамасыз ету;
- e) Қоршаған ортаны тиімді басқару маңыздылығы мен экологиялық менеджмент жүйесі талаптарына сәйкестігі туралы хабарламалар;
- f) Экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстар алуын қамтамасыз ету;
- g) Экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігіне үлес қосатын жеке тұлғаларды

бағыттау мен қолдау;

- h) Тұрақты жақсарту;
- i) Олардың жауаптылық саласына қолданылатын өзінің жетекші рөлін көрсету үшін тиімді басқа жетекші лауазымдарды қолдау.

Ескертпе – осы стандарта “бизнес” сөзінің мәнін ұйымның жұмыс істеу мақсаты үшін негізгі болып табылатын қызметтің сол түріне кең ауқымда түсіндіруге болады.

5.2 Экологиялық саясат

Жоғары басшылық ұйымның экологиялық менеджмент жүйесінің қолданылу саласында анықталған экологиялық саясатты құру, енгізуі және өткізуі керек:

- a) Сипаты, көлемі мен оның қызметі, өнімдер мен қызметтердің қоршаған ортаға әсерін қоса ұйым ортасы мен арналуына сәйкеседі;
- b) Экологиялық мақсаттар белгілеу үшін негізді қамтамасыз етеді;
- c) Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемені қамтиды, оның ішінде ұйым ортасына жататын басқа нақты міндеттемелер мен ластануды болдырмау.

Ескертпе – қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа нақты міндеттемелер ресурстарды ұтымды пайдалануды, климаттың өзгеруін жұмсарту және оған бейімдеу, биотүрлілік мен экожүйелерді қорғауды қамти алады.

- d) Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді қамтиды;
- e) Экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту бойынша экологиялық менеджмент жүйесін тұрақты жақсарту бойынша міндеттемелерді қамтиды.

Экологиялық саясат:

- құжатталған ақпарат ретінде ұсталуы;
- ұйым шегінде түсіндірілуі;
- мүдделі тараптар үшін қол жеткізімді болуы керек.

5.3 Атқарымдық міндеттемелер, ұйымда жауаптылық пен өкілеттік

Жоғары басшылық тиісті лауазымдарды өкілеттіктермен қамтуды, оларға міндеттемелер жүктеу және ұйым шегінде олардың өзара әрекетін қамтамасыз етуі керек.

Жоғары басшылық мыналар үшін жауаптылық пен өкілеттіктер беруі керек:

- a) Экологиялық менеджмент жүйесінің осы стандарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі;
- b) Экологиялық қызмет нәтижелерін қоса экологиялық менеджмент жүйесінің қызметі нәтижелері туралы жоғары басшылыққа хабарлау.

6 Жоспарлау

6.1 Тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты іс-әрекет

6.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым 6.1.1 - 6.1.4-тармақтарында көрсетілген талаптардың орындалуы үшін талап етілетін процестерді құруы, енгізуі және қызмет көрсетуі керек.

Экологиялық менеджмент жүйесі үшін жоспарлау кезінде ұйым мыналарды қарастыруы керек:

- a) 4.1-т қарастырылған проблемалар;
- b) 4.2-т қарастырылған талаптар;
- c) Өзінің экологиялық менеджмент жүйесін қолданылу саласы;
- d) Оның экологиялық аспектілерімен (6.1.2) байланысты тәуекелдер мен

ҚР СТ ISO 14001-2016

мүмкіндіктерді, талаптардың (6.1.3) сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді және мыналар үшін қарастырылуы керек 4.1 және 4.2-тармақтарында сәйкестендірілген талаптар мен басқа проблемаларды анықтауы:

— экологиялық менеджмент жүйесінің болжанатын шығыстарға жету мүмкіндігіне кепілдік беру;

— сыртқы экологиялық шарттар тарапынан ұйымға әлеуетті әсер етулерді қоса қажет емес әсерлерді болдырмау немесе азайту;

— тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету.

Экологиялық менеджмент жүйесін қолдану саласы шеңберінде ұйым қоршаған ортаға әсер ете алатындарды қоса әлеуетті төтенге (штаттан тыс) жағдайларды анықтауы керек.

Ұйым өздерінің құжатталған ақпаратын жүргізуі керек:

— қарастыруы керек тәуекелдер мен мүмкіндіктер;

— оларды жоспарланғанға сәйкесе жүзеге асыруда сенімді болу үшін қажетті дәрежеде 6.1.1 - 6.1.4-т талап етілетін процестер.

6.1.2 Экологиялық аспектілер

Экологиялық менеджмент жүйесінің нақты қолданылатын саласы шеңберінде ұйым өз қызметінің, ол бақылай алатын және әсер ете алатын және олардың өмірлік цикл перспективасын қарастырып қоршаған ортаға әсер ете алатынын ескеріп өнімдер мен қызмет тердің экологиялық аспектілерін анықтауы керек.

Ұйымның экологиялық аспектілерін анықтау кезінде мыналарды ескеруі керек:

а) Жоспарлы немесе жаңа әзірленімдерді қоса өзгерістер және қызмет, өнім мен қызметтердің жаңа немесе өзгертілген түрлері;

б) Аномалді шарттар мен жеткілікті ықтимал төтенше жағдайлар.

Ұйым қоршаған ортаға елеулі әсері болатын немесе бола алатын аспектілерді, яғни белгіленген өлшемдерді пайдаланып маңызды экологиялық аспектілерді анықтауы керек.

Ұйым түрлі деңгейде және түрлі ұйым қызметтері үшін, және қажет жерде өзінің маңызды экологиялық аспектілерін түсіндіруі керек.

Ұйым өзінің:

- экологиялық аспектілері және онымен байланысты қоршаған ортаға әсер етулерді;

- ұйымның маңызды экологиялық аспектілерін анықтау үшін пайдаланылатын өлшемдерді;

- маңызды экологиялық аспектілер туралы құжатталған ақпарат жүргізуі керек.

Ескертпе - Маңызды экологиялық аспектілер қолайсыз экологиялық әсерлерге (қатерлерге) де, қолайлы экологиялық әсерлерге (мүмкіндіктерге) де байланысты қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерге әкеп соқтырады.

6.1.3 Міндеттемелер бойынша

Ұйым:

а) Экологиялық аспектілермен байланысты талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді анықтауы және оларға қол жеткізе алуы;

б) Осы міндеттемелерді ұйымға қалай пайдалануды анықтауы;

с) Осы міндеттемелерді өзінің экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеуде, енгізу, қолдау және тұрақты жақсарту кезінде ескеруі керек.

Ұйым өзінің талаптар сақталуын қамтамасыз ету міндеттемелері бойынша құжатталған ақпарат жүргізуі керек.

Ескертпе - Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер ұйым тәуекелдері мен мүмкіндіктеріне әкеле алады.

6.1.4 Іс-әрекетті Жоспарлау

Ұйым мыналарды жоспарлауы керек:

a) Мыналарды ескеру үшін қабылдауы керек:

1) Маңызды экологиялық аспектілер;

2) Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер;

3) 6.1.1 сәйкестендірілген тәуекелдер мен мүмкіндіктер;

b) ретінде:

1) іс-әрекетті экологиялық менеджмент жүйесінің процестеріне біріктіру (6.2-т, 7, 8-бөлімдер мен 9.1-т қара) немесе басқа бизнес-процестерді біріктіруі және оларды жүзеге асыру;

2) осы іс-әрекеттер нәтижелігін бағалау (9.1-т қара).

Осы іс-әрекетті жоспарлау кезінде ұйым технологиялық нұсқалар мен өзінің қаржылық, оперативті және іскерлік талаптарын қарастыруы керек.

6.2 Экологиялық мақсаттар мен оларға жету үшін жоспарлау**6.2.1 Экологиялық мақсаттар**

Ұйым талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша ұйымның маңызды экологиялық аспектілері мен міндеттемелерін есепке қабылдап тиімті қызметтер мен деңгейлердің (басқару) үшін экологиялық мақсаттарды белгілеуі және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қарастыруы керек.

Экологиялық мақсаттар:

a) Экологиялық саясатпен келісуі;

b) Өлшене алатын (егер тиісті болса);

c) тексерілуі;

d) берілуі;

e) жаңартылуы керек (егер тиісті болса).

Ұйым экологиялық мақсаттар бойынша құжатталған ақпаратты жүргізуі керек.

6.2.2 Экологиялық мақсаттарға жету үшін жоспарлау іс-әрекеттері

Жоспарлау кезінде экологиялық мақсаттарға жетуде ұйым мыналарды анықтауы керек:

a) не жасау керек;

b) қандай ресурстар қажет болады;

c) жауаптылықты кім тартады;

d) орындалу қашан аяқталады;

e) өлшенетін экологиялық мақсаттарға жету бағытында мониторингті жалғастыру үшін индикаторларды қоса нәтижелерді қалай бағалау (9.1.1.-т қара).

Ұйым экологиялық мақсаттарға жету үшін қандай әрекеттерді ұйымның бизнес-процестеріне біріктіруге болатынын қарастыруы керек.

7 Қамтамасыз ету құралдары**7.1 Ресурстар**

Ұйым экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, қолдау және тұрақты жақсарту үшін қажетті ресурстарды анықтап қамтамасыз етуі керек.

7.2 Құзыреттік

Ұйым:

a) экологиялық қызмет нәтижелеріне және олардың талаптардың сақталуын

ҚР СТ ISO 14001-2016

қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындау қасиетіне әсер ететін, оны бақылау астында жұмысын атқаратын тұлғалардың қажетті құзыреттігін анықтауы;

b) тиісті білік, кәсіби даярлық және тәжірибе негізінде персонал құзыретін қамтамасыз етуі;

c) оның экологиялық аспектілерімен және экологиялық менеджмент жүйесімен байланысты оқу қажеттігін анықтауы;

d) Қолданылатын жерде қажетті құзыреттікті алу және қабылданған шаралар нәтижелігін бағалау бойынша шаралар қабылдауы керек.

Ескертпе - Қолданылатын шаралар мысалы кәсіби даярлық туралы, жалданған қызметкерлердің оқуы немесе қайта аттестатталуы туралы немесе құзыретті қызметкерлерді жалдау немесе мердігерлік шартын бекіту туралы ережелерді қамти алады.

Ұйым тиісті құжатталған ақпаратты құзыреттік куәлігі ретінде сақтауы керек.

7.3 Хабардарлық

Ұйым ұйымды басқарумен жұмыс істейтін қызметкерлердің хабардарлығын қамтамасыз етуі керек:

a) Экологиялық саясатқа қатысты;

b) Маңызды экологиялық аспектілер мен олардың жұмысымен байланысты қоршаған ортаға қолданыстағы шынайы және әлеуетті әсер етулерге қатысты;

c) Экологиялық салада қызмет нәтижелерін жақсартуды қоса экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелігіне үлеске қатысты;

d) Ұйымның талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындамауын қоса экологиялық менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкеспеушіліктерден болатын мүмкін салдарларға қатысты.

7.4 Ақпарат алмасу

7.4.1 Жалпы ережелер

Ұйым мыналарды қоса экологиялық менеджмент жүйесіне қатысты ішкі және сыртқы ақпарат алмасу үшін талап етілетін процестерді белгілеуі, енгізуі және қолдауы керек:

a) Бұл ақпарат не туралы болуы керек;

b) Ақпарат алмасуды қашан жүргізу керек;

c) Ақпарат алмасуды кіммен жүргізу керек;

d) Қай үлгімен ақпарат алмасу керек.

Ақпарат алмасу процестерін әзірлеу кезінде ұйым:

— талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін ескеруі;

— экологиялық менеджмент жүйесінің шекарасында жинақталған ақпаратпен келісуде берілетін экологиялық ақпарат сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

Ұйым өзінің экологиялық менеджмент жүйесі туралы тиісті хабарламаларға жауап беруі керек.

Ұйым құжатталған ақпаратты қажет жерде ақпарат алмасу куәлігі ретінде сақтауы керек.

7.4.2 Ішкі ақпарат алмасу

Ұйым:

a) Қажет жағдайда экологиялық менеджмент жүйесінде өзгерістерді қоса ұйымның түрлі қызметтері мен деңгейлері (басқару) арасында экологиялық менеджмент жүйесіне қатысты ішкі ақпарат алуды жүзеге асыру;

б) Ақпарат алмасу процесс(тері) ұйымды бақылау бойынша жұмысты орындауын тұлға(лар) тартыпанап тұқрақты жақсартуға үлес енгізуге көмектесуін қамтамасыз етуі керек.

7.4.3 Сыртқы ақпарат алмасу

Ұйым ақпарат алмасу процедурасы және сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелермен сәйкес оның экологиялық менеджмент жүйесімен байланысты ақпаратты тыс хабарлауы керек.

7.5 Құжатталған ақпарат

7.5.1 Жалпы ережелер

Ұйымның экологиялық менеджменті жүйесі мыналарды қамтуы керек:

- а) Осы стандартпен талап етілетін құжатталған ақпарат;
- б) Ұйымның экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелігі үшін қажетті ретінде анықтаған құжатталған ақпарат.

Ескертпе – Экологиялық менеджмент жүйесіне арналған құжатталған ақпарат көлемі мыналарға байланысты әр түрлі ұйым үшін түрлі бола алады:

- ұйым көлемі және оның қызметі, процестері, өнімдері мен қызметтер түріне орай;
- талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша оның міндеттемелерін орындауды көрсету қажеттігі;
- процестер қиындығы мен олардың өзара әрекеті;
- ұйымды бақылаумен жұмыс істейтін тұлғалар құзыреттігі.

7.5.2 Құру және жаңарту

Құжатталған ақпаратты құру мен жаңарту кезінде ұйым мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- а) Тиісті сәйкестендіру мен сипаттама (мысалы тақырыбы, күні, автор немесе сілтеме нөмір);
- б) Тиісті пішін (мысалы тілі, бағдарламалық өнім нұсқасы, кесте) және жеткізуші (мысалы қағаз, электрондық);
- с) Талдау және жарамдылық пен барабарлықты бекіту.

7.5.3 Құжатталған ақпаратты басқару

Экологиялық менеджмент жүйесімен және осы стандартпен талап етілетін құжатталған ақпарат мыналарды қамтамасыз ету үшін бақылауға жатады:

- а) Талап етілетін жерде қолдану үшін қол жеткізімдік пен жарамдылық;
- б) Барабар сақталған (мысалы құпиялықты жоғалтудан, бұрыс қолдану немесе бүтіндігін бұзу).

Құжатталған ақпаратты басқару үшін ұйым қажет жерінде мына қызметпен айналысуы керек:

- тарату, қол жеткізу, алу және пайдалану;
- сақтау және қорғау, қолайлы оқуды сақтаумен қоса;
- өзгерістерді бақылау (мысалы, нұсқаларды бақылау);
- есте сақтау және орналастыру.

Ұйым экологиялық менеджмент жүйесін жоспарлау мен жұмысы үшін қажетті реп анықтаған, сыртта құжатталған ақпарат сәйкестендірілуі, және қажет жағдайда бақылауда болуы керек.

Ескертпе - Қол жеткізу құжатталған ақпаратты тек қарай үшін немесе қарауға рұқсат пен өкілеттіктер беру және құжатталған ақпаратқа өзгерістер енгізу үшін ғана рұқсат беруге қатысты шешім қабылдауды білдіреді.

8 Қызметі

8.1 Оперативті жоспарлау және бақылау

Ұйым экологиялық менеджмент жүйесінің талаптарын сақтау үшін қажетті процестерді әзірлеуі, енгізуі, бақылау және қолдауы және мыналар арқылы 6.1 мен 6.2-т сәйкестендірілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруы керек:

- процесс(тер) үшін жұмысшы өлшемдерді әзірлеу;
- жұмысшы өлшемдерге сәйкес процесс(терді) басқару.

Ескертпе - Басқару техникалық бақылау менг процедураларды қоса алады. Басқару саты бойынша жүзеге асырыла алады (мысалы жою, алмастыру, әкімшілік саты) және жеке немесе жинақта пайдаланыла алады.

Ұйым жоспарланған өзгерістерді бақылауы және қажет жағдайда қолайсыз әсер етулерді жұмсарту бойынша шаралар қабылдап, қасақан болмайтын өзгерістерден салдарларға талдауы керек.

Ұйым тараптық ұйымдар орындайтын процестерді бақылауды немесе оларға әсер етуді қамтамасыз етуі керек. Процес(тер) ге қолданылатын басқару немесе әсер етудің түрі мен кеңеюі экологиялық менеджмент жүйесі шеңберінде анықталуы керек.

Өмірлік цикл перспективасына сәйкес ұйым:

a) Әр өмірлік цикл кезеңі үшін өнімдер немесе қызметтерді жобалау және әзірлеу кезінде ұйымның экологиялық талаптарын қарастыруды қамтамасыз ету үшін қажет жағдайда басқаруды ұйымдастыруы;

b) Өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қатысты өзінің қажет жерде экологиялық талаптарын анықтауы;

c) Мердігерлерді қоса сыртқы провайдерлердің өздерінің экологиялық талаптары туралы хабарлауы;

d) Өзінің өнімдері мен қызметтерін тасымалдаумен немесе жеткізумен, пайдаланумен, өңдеумен және кәдеге жаратумен байланысты қоршаған ортаға маңызды әлеуетті әсер етулер туралы ақпарат беруді қажеттікті қарастыруы керек.

Ұйым процестердің жоспарға сәйкес жүзеге асырылатынына сенімділік үшін қажетті көлемде құжатталған ақпаратты жүргізуі керек.

8.2 Штаттан тыс жағдайлар, апаттарға дайындық және жауап іс-әрекет

Ұйым 6.1.1-т сәйкестендірілген әлеуетті штаттан тыс жауапты әрекеттерге дайындау үшін қажетті процестерді белгілеуі, енгізуі және қолдауы керек.

Ұйым:

a) Төтенше жағдайларда қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулерді болдырмау немесе азайту үшін жоспарланған іс-әрекеттер арқылы елеуге дайын болуы;

b) Шынайы төтенше жағдайларды елеуі;

c) Қоршаған ортаға тиісті көлемділік пен әлеуеттік әсер ететін төтенше жағдайлардың салдарларын болдырмау немесе азайту үшін шаралар қабылдауы;

d) Егер орынды болса, жоспарланған жауапты әрекеттерді кезеңді сынауы;

e) Штаттан тыс жағдайлар туындағаннан кейін немесе сынаудан кейін жоспарланған жауап әрекеттер мен процестерді кезеңді түрле талдауы және қайта қарауы;

f) Тиісті мәліметтер беруі және төтенше жағдайларда дайындықпен байланысты және ұйымның бақылауында жұмыс істейтін тұлғаларды қоса тиісті мүдделі талаптарды қоса жауапты шараларға оқытуды қамтамасыз етуі керек.

Ұйым процестер жоспарларға сәйкес жүзеге асырылуына сенім үшін қажетті көлемде құжатталған ақпаратты жүргізуі керек.

9 Қызмет нәтижелерін бағалау

9.1 Мониторинг, өлшеу, талдау және бағалау

9.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым өзінің экологиялық қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізуі, өлшеуі, талдауы және бағалауы керек.

Ұйым мыналарды анықтауы керек:

- a) не мониторинг пен өлшеуді талап етеді;
- b) шынайы нәтижелерді қамтамасыз ету үшін шынайы жағдайдан шығып мониторинг, өлшеу, талдау және бағалау әдістері;
- c) олар бойынша ұйымдар өздерінің экологиялық қызметін және тиісті индикаторларды бағалайтын өлшемдер;
- d) мониторинг пен өлшеу қашан жүргізілуі керек;
- e) мониторинг және өлшеу нәтижелері қашан талданып бағалануы керек.

Ұйым қажет жағдайда калиброленген және салыстырып тексерілген бақылау өлшеу жабдығын қолдану мен техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуі керек.

Ұйым өзінің экологиялық қызмет нәтижелері мен экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелігін бағалауы керек.

Ұйым ұйымның ақпаратымен алмасу және талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша ұйым міндеттемелерінің талаптарын сәйкестіндіруге орай өзінің экологиялық қызметінің нәтижелері туралы ішкі және сыртқы ақпарат алмасуды жүргізуі керек.

Ұйым тиісті құжатталған ақпаратты мониторинг, өлшеулер, талдау және бағалау нәтижелерінің куәлігі ретінде сақтауы керек.

9.1.2 Талаптар сақталуын бағалау

Ұйым талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындауды бағалау үшін қажетті процестерді белгілеуі, енгізуі және қолдауы керек.

Ұйым:

- a) талаптар сақталуы бағаланатын жиілікті анықтауы;
- b) қажет жағдайда сәйкестікті бағалауы және шаралар қабылдауы;
- c) ұйымның сәйкестік мәртебесін білу мен түсінуді қамтамасыз етуі керек.

Ұйым сәйкестікті бағалау нәтиже(лер)інің куәлігі ретінде құжатталған ақпаратты сақтауы керек.

9.2 Ішкі аудит

9.2.1 Жалпы ережелер

Ұйым экологиялық менеджмент жүйесі мыналарға сәйкесетіні туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жоспарланған аралықтар сайын ішкі аудиттер өткізуі керек:

- a) сәйкеседі:
 - 1) өзінің экологиялық менеджмент жүйесіне ұйымның меншікті талаптарына;
 - 2) осы стандарт талаптарына
- b) Тиімді енгізіліп басқарылады.

9.2.2 Ішкі аудит бағдарламасы

Ұйым өткізу жиілігін, әдіктері, жауаптылық, жоспарланған талаптар мен ішкі аудит туралы есепті құрайтын ішкі аудит бағдарламасын әзірлеуі, енгізуі және қолдауы керек.

Ішкі аудит бағдарламасын әзірлеу кезінде ұйым қарастырылатын процестер, өзгерістер, алдындағы аудиттерді ұйымдастыру мен нәтижелерін қамтитын экологиялық

ҚР СТ ISO 14001-2016

маңыздылықты қарастыруы керек.

Ұйым:

a) Аудит өлшемдерін анықтап және әр аудиттің қолданылу саласын анықтауы;
b) Аудит процесінің объективтілігі мен адалдығын қамтамасыз ету үшін аудиторлар таңдауы және аудит өткізуі;

c) Тиісті басшылыққа аудиттер нәтижелерінің жетуін қамтамасыз етуі керек.

Ұйым аудит бағдарламаларын енгізу куәлігі ретінде құжатталған ақпарат пен аудит нәтижелерін сақтауы керек.

9.3 Басшылық тарапынан талдау

Жоғары басшылық экологиялық менеджмент жүйесінің тұрақты орнықтылығын, барабарлығы мен нәтижелігін қамтамасыз ету үшін жоспарланған аралықтар сайын оны талдауы керек.

Басшылық тарапынан талдау мыналарды қарастыруды қамтуы керек:

a) Басшылық тарапынан алдындағы талдаулар бойынша шаралар мәртебесі;
b) Өзгерістер:
1) Экологиялық менеджмент жүйесіне қатысы бар ішкі және сыртқы проблемалар;
2) Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді қоса, мүдделі тараптар қажеттіктері мен күтулері;

3) Ұйымның маңызды экологиялық аспектілері;

4) Тәуекелдер мен мүмкіндіктер;

c) Экологиялық мақсаттарға жету дәрежелері;

d) Негізгі бағыттарды қоса ұйымның экологиялық қызметінің нәтижелері туралы ақпарат:

e) Сәйкеспеушіліктер мен түзетуші әрекеттер;

1) Мониторинг және өлшеу нәтижелері;

2) Талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз міндет темелерін орындау;

3) Аудит нәтижелері;

f) Ресурстар барабарлығы;

g) Шағымдарды қоса мүдделі тараптармен тиісті ақпарат алмасу;

h) Тұрақты жақсарту мүмкіндіктері.

Басшылық тарапынан талдау шығыстары мыналарды қамтуы керек:

— экологиялық менеджмент жүйесінің тұрақты жарамдылығы, барабарлығы мен нәтижелігі туралы қорытындылар;

— тұрақты жақсарту мүмкіндіктерімен байланысты шешімдер;

— ресурстарды қоса экологиялық менеджмент жүйесіндегі өзгерістерге кез келген қажеттікке қатысты шешімдер;

— қойылған экологиялық мақсаттарға жеткізілмеген жағдайда, қажет кездегі іс-әрекеттер;

— егер қажет болса, басқа бизнес-процестермен экологиялық менеджмент жүйесін біріктіруді жақсарту мүмкіндіктері;

— ұйымның стратегиялық бағыттары үшін кез келген салдарлар.

Ұйым құжатталған ақпаратты басшылық тарапынан талдау нәтижелеріне куәлік ретінде сақтауы керек.

10 Жақсарту

10.1 Жалпы ережелер

Ұйым жақсарту үшін мүмкіндіктерді анықтауы (9.1, 9.2 және 9.3) қара және өзінің экологиялық менеджмент жүйесінің болжанатын шығыстарын алу үшін қажетті іс-

әрекеттерді жүзеге асыруы керек.

10.2 Сәйкеспеушілік және түзетуші іс-әрекеттер

Егер сәйкеспеушілік туындаса, ұйым:

a) Сәйкеспеушілікті елеуі және қажет жағдайда:

- 1) Сәйкеспеушілікті бақылауға алу және оны түзету бойынша шаралар қабылдауы;
- 2) Қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулерді жұмсартуды қоса салдарлармен жұмыс;

b) Сәйкеспеушілік басқа орында қайталанбайтындай және туындамайтындай сәйкеспеушіліктер себептерін жою бойынша шаралар қажеттігін бағалауы:

1) Сәйкеспеушіліктерді талдау;

2) Сәйкеспеушілік себептерін анықтау;

3) Осындай сәйкеспеушіліктер бар ма немесе олар әлеуетті туындай алуын анықтауы;

c) Талап етілетін әрекеттерді орындауы;

d) Кез келген қабылданған түзету іс-әрекетінің нәтижелігін талдау;

e) Егер қажет болса, экологиялық менеджмент жүйесіне өзгерістер енгізуі керек.

Түзетуші іс-әрекеттер қоршаған ортаға әсер етуді қоса кездесетін сәйкеспеушіліктерден әсердің маңыздылығына сәйкесуі керек.

Ұйым құжатталған ақпаратты мыналардың куәлігі ретінде сақтауы керек:

- сәйкеспеушіліктер мен кез келген қабылданған одан кейінгі іс-әрекеттер сипаты;
- кез келген түзетуші әрекеттер нәтижелері.

10.3 Тұрақты жақсарту

Ұйым экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту үшін экологиялық менеджмент жүйесінің жарамдылығы, барабарлығы мен нәтижелігін тұрақты жақсартып тұруы керек.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Осы стандартты қолдану жөніндегі басшылық

А.1 Жалпы ережелер

Осы стандарт талаптарын жүйелі және кешенді перспектива тұрғысынан қарастыру керек. Пайдаланушы басқа бөлімдерден бөліп нақты сөйлемді немесе осы стандарт бөлімін оқып керегі жоқ. Нақты бөлімдердегі талаптар мен басқа бөлімдердегі талаптар арасында өзара байланыс бар. Мысалы ұйым экологиялық саясаттағы міндеттемелер мен басқа бөлімдерде белгіленген талаптар арасында өзара байланысты түсіну керек.

Өзгерістерді басқару ұйымға өзінің экологиялық менеджменті жүйесінің болжалды шығыстарына тұрақты деңгейде жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін экологиялық менеджмент жүйесін қолдау үшін маңызды бөлік болып табылады. Өзгерістерді басқару көп талаптарда осы стандарта мыналарды қоса қарастырылады:

- экологиялық менеджмент жүйесіне қызмет көрсету (4.4-т қара),
- экологиялық аспектілер (6.1.2-т қара),
- ішкі ақпарат алмасу (7.4.2-т қара),
- өндірістік бақылау (8.1-т қара),
- ішкі аудит бағдарламасы (9.2.2-т қара), және
- басшылық тарапынан талдау (9.3-т қара).

Ұйым өзгерістерін басқару бөлігі ретінде жоспарлы және жоспардан тыс өзгерістерді қарастыру және осы өзгерістерді әдейі болмайтын салдарлары экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстарына теріс әсер етпейтінін қамтамасыз етуі керек.

Мысалы өзгерістер мыналарды қамтиды:

- өнімдер, процестер, операциялар, жабдықтар немесе құралдардың жоспарлы өзгерістері;
- мердігерлерді қоса штат немесе сыртқы провайдерлердің өзгеруі;
- экологиялық аспектілермен, қоршаған ортаға әсер етулер және туыстық технологиялармен байланысты жаңа ақпарат;
- сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер өзгеруі.

А.2 Құрылымды жіктеу және терминология

Осы стандарттың бөлімдер құрылымы мен терминология менеджмент жүйесіне арналған басқа стандарттармен үйлестіруді жақсарту мақсатында өзгертілді. Сонымен бірге осы стандарта ұйымның экологиялық менеджмент жүйесіне арналған құжаттамаға қатысты бөлімдер құрылымына немесе терминологияға қойылатын талаптар жоқ. Ұйымда пайдаланылатын терминдерді осы стандарта пайдаланылатын терминдерге ауыстыру талабы жоқ. Ұйым өзінің таңдауы бойынша олардың бизнесіне барынша сәйкесетін терминдерді таңдауына болады, мысалы «жазба», «құжаттама» немесе «хаттамалар» ал «құжатталған ақпарат» термині емес.

А.3 Негізгі түсініктерді түсіндіру

3-бөлімде келтірілген терминдер мен анықтамалардан басқа бұрыс түсінуді болдырмау үшін таңдалған түсініктерге төменде түсіндірмелер келтіріледі.

- осы стандарта іріктеу немесе таңдауды білдіретін «кез келген» сөзі қолданылады.

- «сәйкес, тиісті» және «қолданылатын» деген сөздер өзара алмасатын болып табылмайды. «Сәйкесетін» деген сөз жарамды, дәл келетін дегенді білдіреді және кейбір еркіндік дәрежесін білдіреді, ал «қолданылатын» деген сөз «ісіне қатысты» дегенді білдіреді, немесе «қолдануға болатын» деген бар, ол егер бұлай жасауға болсаа, солай нақты жасалуы керек дегенді білдіреді.

— “қарастыру” деген сөз осы тақырыпты ойластыруды қажеттігін білдіреді, бірақ оны алып тастауға да болады; ал «есепке қабылдау (takeintoaccount)” аталған тақырыпты ойластыру қажеттігін, ол алып тастала алмайтынын білдіреді.

— “Тұрақты” деген сөз бұл жерде созылмалы, қандай да бір кезеңге, яғни үзілісті боуды білдіреді (ал «үздіксіз» терминінен ерекше үзіліссіз ұзақтықты көрсетеді). Сондықтан “continual” термині «жақсарту» сөзімен пайдаланылады.

— Осы стандартта “эсер” деген сөз ұйымдағы өзгерістер нәтижесін сипаттау үшін пайдаланылады. «Қоршаған ортаға эсер ету» деген сөз қоршаған орта өзгеруінің нәтижесіне нақты қатысты болады.

— “(қамтамасыз ету)” деген сөз жауаптылықты беруге болатынын, бірақ «есеп беру» дегенді ділдірмейді.

— Осы стандартта “мүдделі тарап” термині беріледі; “қатысты тарап, стейкхолдер” деген терминнің синонимі болып табылады, себебі сол түсінікті береді.

Осы стандартта сондай-ақ жаңа терминология қолданылады. Төменде жаңа пайдаланушыларға және осы стандарттың алдындағы басылымдарын қолданғандарға көмек ретінде қысқаша түсініктеме беріледі.

— “(талаптар) сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер” деген сөз «ұйым орындауға міндеттеме алатын заңнамалық және басқа талаптар пікірін алмастырады”, жаңа пікір мәні алдындағы басылымда пайдаланылған пікір мәнінен ерекшеленбейді.

— “Құжатталған ақпарат” осы стандарттың алдындағы басылымдарында пайдаланылған “құжаттама”, “құжаттар” және “жазбалар” зат есімдерін алмастырады. «Құжатталған ақпарат» жалпы терминінің мәнін айыру үшін осы стандарт енді жазбалар мәнінде «құжатталған ақпаратты куәлік ретінде сақтау тіркесін пайдаланады, ал “құжатталған ақпаратты жүргізу” жазбадан басқа құжаттаманы білдіреді. “Куәлік ретінде ” Деген сөз дәлел беру туралы талаптың сақталуы туралы білдірмейді, мәні объектіті растауды сақтауға нұсқау берілуін ғана білдіреді.

— “сыртқы провайдер” деген сөз өнімдер немесе қызметті беретін сыртқы жеткізуші (мердігерді қоса) болып табылатын ұйымды білдіреді.

— “сәйкестендіру” терминін «анықтау» терминіне өзгерту экологиялық менеджмент жүйесінде қолданылатын терминологиямен үйлесім үшін арналған. “Анықтау” деген сөз ашылу процесін білдіреді, нәтижесі білім болып табылады. Мәні бойынша ол алдындағы басылымнан ерекшеленеді.

— “болжалды шығыс” деген сөз экологиялық менеджмент жүйесін енгізу кезінде қол жеткізілуі ұйым үшін болжанатынды білдіреді. Минимал ұсынылатын шығыстар экологиялық қызмет нәтижелерін жақсартуды, талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауды және экологиялық мақсаттарға жетуді білдіреді. Ұйым өзінің экологиялық менеджмент жүйесі үшін қосымша болжанатын шығыстарды белгілей алады. Мысалы қоршаған ортаны қорғау бойынша өзінің міндеттемелеріне сәйкес ұйым орнықты даму бағытында жұмыспен байланысты болжалды шығысты құра алады.

— «оның бақылауы астында жұмыс істейтін тұлға (тұлғалар)” деген сөз ұйым жауапты болатын (мысалы мердігерлер) оның атынан жұмыс істейтін тұлғаны және ұйымға жұмыс істейтін тұлғаларды қамтиды. Бұл сөз осы стандарттың алдындағы басылымында “оған және оның атынан жұмыс істейтін тұлғалар” және “ұйымға оның атынан жұмыс істейтін тұлғалар”, мәнін білдіреді. Жаңа сөйлем мәні алдындағы басылым

ҚР СТ ISO 14001-2016

сөздерінің мәнінен ерекшеленбейді.

— осы стандарттың алдындағы басылымдарында пайдаланылған “міндет”, сөзі “экологиялық мақсат” терминінде көрініс тапқан.

А.4 Ұйым ортасы

А.4.1 Ұйым мен оның ортасын түсіну

4.1 –мәні ұйымның экологиялық жауаптылық жүргізу тәсіліне оң немесе теріс әсер ете алатын проблемаларды түсінудің тұжырымдық жоғары деңгейін қамтамасыз етуден тұрады. Ұйымдар үшін бұндай проблемалар маңызды міндеттер, дау заты және талқылаулар заты болып табылады және ұйымның өзінің экологиялық менеджменті жүйесі үшін белгіленген болжалды шығыстарға жетудегі ұйым қасиетіне әсер ететін өзгермелі жағдайлармен байланысты болады.

Ұйым ортасына қатысты бола алатын ішкі және сыртқы проблемалар мысалы мыналарды қамтиды:

а) Ұйым мақсатына әсер ете алатын немесе оның экологиялық аспектілері тарапынан олардың әсеріне түсе алатын климатпен, ауа сапасымен, су сапасымен, жер пайдаланумен, бар ластанумен, табиғи көздердің және биотүрліліктің болуымен байланысты қоршаған орта шарттары;

б) Сыртқы мәдени, әлеуметтік, саяси, құқықтық, нормативтік, қаржылық, технологиялық, экономикалық, табиғи жағдайлар мен халықаралық, ұлттық, өңірлік немесе жергілікті бәсекелестік шарттары;

в) Ұйымның қызметі, өнім мен қызметтер, стратегиялық бағыттар, мәдениет және жұмыс істеу (оның ішінде адамдар, білім, процестер, жүйелер) сияқты ұйым шарттарының ішкі сипаттамалары.

Ұйым ортасын түсіну экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, жүргізу және тұрақты жақсарту үшін пайдаланылады (4.4-т). 4.1-т анықталған ішкі және сыртқы проблемалар ұйым немесе экологиялық менеджмент жүйелеріне тәуекелдер мен мүмкіндіктер түрінде беріле алады (6.1.1.-6.1.3-т қара). Ұйым қарастыру және реттеу керек проблемаларды анықтайды (6.1.4-т, 6.2-т, 7, 8-бөлімдер және 9.1-т).

А.4.2 Мүдделі тараптар қажеттіктері мен күтулерін түсіну

Ұйым ұйыммен тиісті ретінде анықталған қажеттіктер мен болжамдарды мүдделі ішкі және сыртқы тараптар көрсеткен жалпы түсінікті ала алады (яғни жоғары деңгейде, бөлшектерсіз). Ұйым осы қажеттіктер мен күтулердің қайсысы онда бар немесе ол таңдауы, оларға сәйкесуі үшін анықтау кезінде алған білімдерді қарастырады, яғни ұйымның талаптарға сәйкесуді қамтамасыз ету міндеттемелерін орындайды (6.1.1.-т).

Егер мүдделі тарап оған ұйымның шешімдері немесе оның экологиялық қызмет нәтижелеріне әсер ететін қызметіне қатысты деп санаса, онда ұйым осы мүдделі тарап ұйымға жеткізетін тиісті қажеттіктер мен күтулерді қарастырады.

Мүдделі тараптар талаптары ұйым талаптарымен міндетті түрде сәйкесе бермейді. Мүдделі тараптардың кейбір талаптары міндетті болып табылатын қажеттіктер мен күтулерді көрсетеді, себебі олар заңдар, регламенттер, рұқсаттар мен үкімет немесе тіпті сот шешімдерімен лицензияларды қамтиды. Ұйым мүдделі тараптардың талаптарымен немесе басқа талаптарды қабылдау туралы ерікті келісімге қатысты шешім қабылдай алады (мысалы ерікті бастама бойынша қолданатын келісімшарттың құқықтық қарым-қатынастарға түсу). Ұйым мүдделі тараптар талаптарын қабылдаған сәттен бастап, олар ұйым талаптары болады (яғни талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша

міндеттемелер) және экологиялық менеджмент жүйелерін жоспарлау кезінде ескеріледі (4.4.-т қара). Барынша толық талдау сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер 6.1.3-т қарастырылған.

А.4.3 Экологиялық менеджмент жүйесінің қолданылу саласын анықтау

Экологиялық менеджмент жүйесін қолданылу саласы физикалық шекаралар мен экологиялық менеджмент жүйесі қолданыла алатын, егер ұйым барынша ірі ұйым бөлігі болып табылатын болса, ұйым шекараларын түсіндіру үшін анықталған. Ұйым өзінің шекараларын анықтау кезінде нақты еркіндік пен икемділікке ие болады. Ол осы стандарты барлық ұйым көлемінде қолдануды немесе оның нақты бөлігін немесе бөліктерін қолдануды таңдай алады, себебі осы бөліктің жоғары басшылығы (осы бөліктердің) экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеуге өкілеттіліктерге ие болады.

Қолданылу саласын белгілеу кезінде экологиялық менеджмент жүйесінің сенімділігі ұйым шекараларын таңдауға байланысты болады. Ұйым өмірлік цикл перспективасын қарастырып қызметке, өнім мен қызметтерге тарата алатын бақылау немесе әсер ету дәрежесін қарастырады. Көлемдерді анықтауды маңызды экологиялық аспектілерге ие немесе ие бола алатын іс-әрекет, өнім мен қызметтер немесе өндіру құралының түрін алып тастау үшін немесе талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерінен ауытқу үшін пайдалана алмайды. Қолданылу саласы нақты және мүдделі тараптарды адастырмайтын экологиялық менеджмент жүйесінің шекараларына қосылған ұйымның операциялары туралы тұрпатты мәлімдеме болып табылады.

Ұйым өзінің осы стандартқа сәйкестігі туралы мәлімдеген сәттен бастап, қолданылу саласы туралы мәлімдемені мүдделі тараптарға дейін жеткізу туралы талап қойылады.

А.4.4 Экологиялық менеджмент жүйесі

Ұйым нақтылау көлемі мен деңгейді қоса осы стандарт талаптарын қалай орындау шешімдерін қабылдауда өкілеттіктер мен есеп беруін сақтайды, онда ол:

- a) Осы процесс (процестер) жоспарларға сәйкес бақылап жүзеге асырып, қажетті нәтижелерге жететін сенімділігімен бір немесе бірнеше процестерді әзірлейді;
- b) Экологиялық менеджмент жүйелері талаптарын жобалау және әзірлеу, сатып алу, адам ресурстары, сату және маркетинг сияқты өзінің бизнес-процестеріне біріктіреді;
- c) Ұйым ортасымен байланысты проблемаларды (4.1-т қара) және мүдделі тараптар талаптарын (4.2-т қара) өзінің экологиялық менеджмент жүйесіне қосады.

Егер осы стандарт ұйымның нақты бөлігі (бөліктері) үшін енгізілсе, онда осы ұйымның басқа бөліктерімен әзірленген саясаттар, процестер мен құжатталған ақпаратты олар осы нақты бөлік(тер)ге қолданыла алатын жағдайда осы стандарт талаптарын қанағаттандыру үшін пайдалануға болады.

Өзгерістерді басқару бөлігі ретінде экологиялық менеджмент жүйесіне қызмет көрсету бойынша ақпаратқа қатысты А.1-бөлімін қара.

А.5 Басшылық

А.5.1 Басшылық және міндеттемелер

Басшылық пен міндеттемелерді көрсету үшін экологиялық менеджмент жүйесімен байланысты нақты жауаптылық болады, онда жоғары басшылық жеке қатысатын немесе жоғары басшылық бағыттайтын болуы керек. Жоғары басшылық осы әрекет үшін

ҚР СТ ISO 14001-2016

жауаптылықты басқаларға жүктей алады, бірақ бұл жағдайда аталған іс-әрекеттердің орындалуын қамтамаыз етуге есеп беруді сақтайды.

А.5.2 Экологиялық саясат

Экологиялық саясат міндеттеме ретінде мәлімделген қағидаттарды белгілейді, онда жоғары басшылық ұйымның өзінің экологиялық қызметінің нәтижелерін қолдап және жақсартқысы келу ниетін нақтылайды. Экологиялық саясат ұйымға экологиялық мақсаттарды (6.2-т қара) қоюға, экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстарына жету бойынша іс-әрекеттерді орындауға және тұрақты жақсартуға қол жеткізуге мүмкіндік береді (10-бөлімді қара).

Осы стандартта экологиялық саясат бойынша үш негізгі міндеттеме қалыптастырылған:

- a) Қоршаған ортаны қорғау;
- b) Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша ұйым міндеттемелерін орындау;
- c) Ұйымның экологиялық қызметінің нәтижелерін арттыру үшін экологиялық менеджмент жүйесін тұрақты жақсарту.

Осы міндеттемелер ұйымның атқарымды, сенімді және тиімді экологиялық менеджмент жүйесінің болуын қамтамасыз ету үшін осы стандартта белгіленген нақты талаптарды сақтау үшін ұйым әзірлеген процесте көрсетіледі.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттеме ластануды болдырмау арқылы қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулерді болдырмау ғана емес табиғи ортаны ұйым қызметі, іс-әрекеті мен өнімдері нәтижесінде зиян келу мен дағдарысқа ұшыраудан қорғауға қатысты болады. Ұйым орындайтын нақты міндеттемелер қоршаған ортаның жергілікті және өңірлік жағдайларын қоса ұйым ортасына сәйкесуі керек. Бұл міндеттемелер мысалы су сапасына, ауа айналымы немесе сапасына қатысты бола алады және климат өзгеруінің нашарлауымен және оған бейімделу, биотүрлілік пен экожүйелерді қорғау және оңалтумен байланысты міндеттемелерді де қамти алады.

Барлық міндеттемелер маңызды болатындықтан, кейбір мүдделі тараптарға ұйымның талаптарды, әсіресе заңнамалық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауы өте маңызды болады. Осы стандарт осы міндеттемеге қатысты бірқатар өзара байланысты талаптар қатарын белгілейді. Бұл талаптар мынадай қажеттіктерді қамтиды:

- (талаптарды) сақтауды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді анықтау;
- осы міндеттемелерге сәйкес операциялар орындалуын қамтамасыз ету;
- (талаптардың) сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелердің орындалуын бағалау)
- сәйкеспеушіліктерді түзету.

А.5.3 Қызметтер, жауаптылық және өкілеттіктер

Экологиялық менеджмент жүйесінің жұмысына қатыстырылатын қызметкерлер осы стандарт талаптарына сәйкесу және болжалды шығыстарға жету үшін өзінің ролі, міндеттемелері мен өкілеттіктерін нақты түсінуі керек. 5.3-т сәйкестендірілген нақты қызметтер мен міндеттемелер «басшылық өкілі» деп аталатын жеке тұлғаға тапсырыла алады, бірнеше қызметкерлер арасында бөлінуі немесе жоғары басшылық мүшелеріне жүктеле алады.

А.6 Жоспарлау

А.6.1 Қауіптер мен мүмкіндіктерге қатысты іс-әрекеттер

А.6.1.1 Жалпы ережелер

6.1.1-ге белгіленген процестердің жалпы мәні ұйымның өзінің экологиялық менеджмент жүйесінде болжалды шығыстарға жету қасиетін қамтамасыз етуден, қажет емес әсерлерді болдырмау немесе азайту және тұрақты жақсартуға қол жеткізуден тұрады. Ұйым қарастыруды талап ететін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтап бұны және оларды өңдеу бойынша жоспарлы іс-әрекеттерді қамтамасыз ете алады. Бұндай тәуекелдер мерн мүмкіндіктер экологиялық аспектілермен, талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелермен және мүдделі тараптардың күтулері немесе басқа проблемалармен байланысты бола алады.

Экологиялық аспектілер (6.1.2-т қара) қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулермен, қоршаған ортаға қолайлы әсер етулермен және ұйымға қатысты басқа әсер етулермен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер құра алады. Экологиялық аспектілермен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді мәнін бағалау бөлігі ретінде немесе жеке анықтауға болады.

Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер (6.1.3-т қара) сәйкеспеушілік (бұл ұйым атағына теріс әсер беріп, сот шағамдарын тудыруы мүмкін) немесе өз міндеттемелерін орындамау (бұл ұйым атағын жақсарты алады) сақтауды қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер.

Ұйым қоршаған орта шарттарын қоса басқа проблемаларға қатысты әуекелдер және мүмкіндіктермен немесе ұйымның өзінің экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстарына жету қасиетіне әсер ете алатын қасиетіне әсер ете алатын мүдделі тараптардың қажеттіктері мен күтулеріне әсер ете алады, мысалы,

a) Жұмыстар жүргізудің жергілікті процедуралары түсініксіз болатын жұмыскерлер арасында тіл кедергілері немесе хабардарлықтың жетіспеушілігі есебінен жэкологиялық шығындар;

b) Ұйымның өндірістік аумағы мен үй-жайына әсер ете алатын климат өзгеруі есебінен артық суға кету;

c) Экономикалық кедергілер нәтижесінде экологиялық менеджменттің тиімді жүйесін қолдау үшін қолда бар ресурстардың жетіспеушілігі;

d) Ауа сапасын арттыра алатын мемлекеттік гранттар есебінен қаржыландырылатын жаңа технологиялар енгізу;

e) Ұйымның лақтырындылар мен тастандыларды бақылау бойынша өз жабдығын пайдалану қасиетіне әсер ете алатын құрғақшылық кезеңдерінде су ресурстарының жетіспеушілігі.

Штаттан тыс (төтенше) жағдайлар олардың нақты немесе әлеуетті салдарларын алдын алу немесе жұмсарту үшін нақты құзыреттіктер, ресурстар немесе процестерді шұғыл қолдануды талап ететін жоспарланбаған немесе күтпеген оқиғалар болып табылады. Штаттан тыс жағдайлар өзімен қоршаған ортаға қолайсыз әсер етулерді немесе ұйымға қатысты басқа әсер етулерді тарта алады. Әлеуетті төтенше жағдайларды (мысалы өрт, химиялық лақтырынды, қатаң ауа-райы шарттары) анықтау кезінде ұйым мыналарды қарастыруы тиіс:

— орындарода қауіптер сипаты (мысалы от қауіпті сұйықтықтар, сұйыққойма-қоймалар, қысылған газдар);

— штаттан тыс жағдайдың барынша болжанатын түрі мен көлемдері;

— көршілес кәсіпорында төтенше жағдайлар туындауы үшін әлеует (мысалы зауыт, автожол, темір жолда).

Тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтап өңдеу қажет болса да, ресми тәуекел

менеджменті үшін талаптар немесе тәуекел менеджментінің құжатталған процесі болмайды. Ұйым өзінің тәуекелдері мен мүмкіндіктерін анықтау үшін пайдаланатын әдісті өзі таңдай алады. Бұл әдіс қарапайым сапалы процесі немесе онда ұйым жұмыс істейтін ортаға байланысты толық сандық бағалауды қамти алады.

Сәйкестендірілген тәуекелдер мен мүмкіндіктер (6.1.1 - 6.1.3-т қара) жоспарлау (6.1.4-т қара) және экологиялық міндеттерді (6.2-т қара) белгілеу үшін кіріс ағындары болып табылады.

А.6.1.2 Экологиялық аспектілер

Ұйым өзінің экологиялық аспектілері мен онымен байланысты қоршаған ортаға әсер етулерді өзі анықтайды, сондай-ақ олардың қайсысы маңызды болып табылатынын және бұдан оларды экологиялық менеджмент жүйесінің көмегімен өңдеу қажеттігін анықтайды.

Толығымен немесе жартылай ұйымның экологиялық аспектілерінен шығатын қолайсыз немесе қолайлы қоршаған орта өзгерістерін қоршаған ортаға әсер етулер деп атайды. Қоршаған ортаға әсер етулер жергілікті, өңірлік және жаһандық көлемде бола алады, сондай-ақ сипаты бойынша тікелеу, жанама немесе жиынтық бола алады. Экологиялық аспектілер мен қоршаған ортаға әсер ету арасында өзара байланыс себеп-салдарлы болып табылады.

Экологиялық аспектілерді анықтау кезінде ұйым өмірлік цикл перспективасын қарастырады. Бұл өмірлік циклді толық бағалауды талап етпейді, ұйым бақылай алатын немесе оған әсер ете алатын өмірлік цикл кезеңін тыңғылықты ойластыру жеткілікті болады. Өнімнің (немесе қызметтің) өмірлік циклінің типтік кезеңдері шикізатты сатып алуды, жобалау, өндіру, тасымалдау/жеткізу, пайдалану, өмірлік цикл соңында өндеуді және қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін кәдеге жаратуды қамтиды. Өмірлік циклдің қолданылатын кезеңдері оның іс-әрекетіне, өнім немесе қызметтерге байланысты болады.

Ұйымға өзінің экологиялық менеджмент жүйесін қолдану саласы шеңберінде экологиялық аспектілерді анықтау талап етіледі. Ол кіру және шығу жүйелерін есепке қабылдайды (қасақана және қасақана болмайтын, ұйымның ағымдағы және тиісті өткен қызметімен байланысатын, оның өнімі және қызметімен салыстырылатын, жоспарланған немесе жаңа әзірленімдер, жаңа немесе өзгертілген іс-әрекет, өнімдер және қызметтер). Пайдаланылған әдіс қалыпты және басқаша жұмыс шарттарын, іске қосу және пайдаланудан шығару шарттарын, сондай-ақ негізделіп болжанатын 6.1.1.-т сипатталған штаттан тыс (төтенше) жағдайларды қарастыруы керек. Ертеректе туындаған төтенше жағдайларға назар аудару керек. Өзгерістерді басқару бөлігі ретінде экологиялық аспектілер бойынша қосымша ақпаратты А.1-бөлімінен қара.

Ұйым өзінің экологиялық аспектілерін анықтап бағалауы үшін әр өнім түрін, әр құрамбірлік немесе әр шикізат материалын жеке қарастырмауы керек; ол егер олар жалпы сипаттамаларға ие болса, өзінің қызметі, өнімі мен іс-әрекетінің түрлерін топтастыра немесе жіктей алады.

Ұйым экологиялық аспектілерін анықтау кезінде мыналарды қарастыра алады:

- a) Атмосфераға лақтырындылар;
- b) Суға лақтырындылар;
- c) Жерге төгілулер;
- d) Шикізат материалдары мен табиғи ресурстарды пайдалану;
- e) Энергия тұтыну;
- f) Бөлінетін энергия (мысалы жылу, сәулелену, діріл (шу), сәуле);
- g) Қалдықтар және/немесе бөгде өнімдердің түзілуі;
- h) Кеңістікті пайдалану.

Ұйым тікелей бақылай алатын экологиялық аспектілерге қосымша, ұйым әсер ете

алатын экологиялық аспектілердің болуын анықтайды. Олар тараптық ұйымдарға (сыртқы процестермен байланысты) орындаға берілген өнімдер мен қызметтерді қоса басқалар үшін ұйым өндіретін өнімдер мен қызметтерді, сондай-ақ басқа ұйымдар әзірлеген, ұйым пайдаланатын өнімдер мен қызметтермен байланысты бола алады. Ұйым басқалар үшін өндіретін өнімдер мен қызметтерге қатысты ол қызмет ету мерзімінің соңында пайдалану мен өңдеуге шектеулі әсер ете алады. Кез келген басқа жағдайларда ұйым ол жүзеге асыра алатын бақылау көлемдерін анықтайды, ол әсер ете алатын экологиялық аспектілерді және осы әсер етуді көрсетуі жоспарланған дәрежені өзі анықтайды.

Ұйымның іс-әрекетімен, өнімдері және қызметтерімен байланысты экологиялық аспектілерді қарастыру керек:

- өзінің өндірістік процестерін, құралдары, өнімдер мен қызметтерді жобалау және дамыту;
- игеруді қоса шикізатты сатып алу;
- қоймаларда сақтауды қоса өндіру мен пайдалану процестері;
- пайдалану және өндірістік құралдар, ресурстарды және ұйымның инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету;
- экологиялық қызмет нәтижелері мен сыртқы провайдерлер практикасы;
- орауды қоса өнімдерді тасымалдау және қызметтер жеткізу;
- сақтау, пайдалану және өнімнің қызмет ету мерзімі соңында өңдеу;
- қайта пайдалану, бүтін жағдайға келтіру, қайта циклге қою және кәдеге жаратуды қоса қалдықтарды басқару.

Маңызды экологиялық аспектілерді анықтаудың жеке әдісі жоқ, сонымен бірге пайдаланылатын әдіс пен өлшемдер сенімді нәтижелер беруі керек. Ұйым өзінің маңызды экологиялық аспектілерін анықтау үшін өлшемдерді белгілейді. Экологиялық өлшемдер экологиялық аспектілерді бағалау үшін бастапқы және минимал болып табылады. Өлшемдер экологиялық аспектіге (мысалы түр, өлшеу, жиілік) немесе қоршаған ортаға (мысалы көлем, қаттылық, ұзақтық, сыртқы әсер ету) қатысты болуы мүмкін. Басқа өлшемдерді де пайдалануға болады. Экологиялық аспект, егер экологиялық өлшемдерді ғана қарастырса, елеусіз болуы мүмкін болады. Ола лайда, егер басқа өлшемдерді қарастырса, маңыздылықты анықтау шегіне жетуі және асуы мүмкін болады. Бұл басқа өлшемдер заңнамалық талаптар немесе мүдделі тараптар пікірлері сияқты ұйым проблемаларын қамти алады. Бұндай басқа өлшемдер оның қоршаған ортаға әсер етуі тұрғысынан маңызды болып табылатын аспектілер санатын төмендету үшін арналмаған болады.

Маңызды экологиялық аспект қоршаған ортаға бір немесе бірнеше әсер етулерді құра алады, және бұдан ол ұйымның өзінің экологиялық менеджмент жүйесіне болжалды шығыстарына жетуін қамтамасыз етуі үшін кездесуге тура келетін тәуекелдер мен мүмкіндіктерге әкелуі мүмкін болады.

А.6.1.3 Талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер

Ұйым экологиялық аспектілерге қолданылатын және ұйымға қатысты қолданылатын 4.2-т сәйкестендірілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді жеткілікті толық деңгейде анықтайды. Талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер ұйым орындауға міндетті заңнамалық талаптарды және ұйым өзі таңдайтын басқа талаптарды қамтиды, бұдан өзінің таңдауына сәйкес оны сақтауы керек болады.

Ұйымның экологиялық аспектілерімен байланысты міндетті заңнамалық талаптар егер қолданылса, мыналарды қамти алады:

- а) Мемлекеттік билік органдары мен басқа мемлекеттік органдар талаптары;

ҚР СТ ISO 14001-2016

- б) Халықаралық, ұлттық және жергілікті заңдар мен регламенттер;
- с) Рұқсат етулер, лицензиялар немесе өкілеттіктер берудің басқа нысандарында белгіленген талаптар;
- д) Реттеуші агенттіктер тарапынан жарғылар, ережелер немесе басшы нұсқаулар;
- е) Сот немесе әкімшілік трибуналд шешімдері.

Талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптар ұйым қабылдауы керек немесе өзі таңдайтын экологиялық менеджмент жүйесіне қатысты мүдделі тараптардың басқа талаптарын қамтиды. Онда егер қолданымды болса, мыналар кіреді:

- қоғамдық топтар немесе үкіметтік емес ұйымдармен келісімдер;
- мемлекеттік органдар немесе тұтынушылармен келісімдер;
- ұйым талаптары;
- ерікті қағидаттар немесе белгіленген практика кодтары;
- ерікті затбелгі салу немесе экологиялық жауаптылық талаптары;
- келісімшарт ұйымдарымен міндеттемелер;
- тиісті ұйымдастыру немесе өнеркәсіптік стандарттар.

А.6.1.4 Іс-әрекеттерді жоспарлау

Ұйым жоспарлары, жоғары деңгейде маңызды экологиялық аспектілер, олардың экологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығыстарына жетуде ұйым үшін басым болып табылатын, 6.1.1-т белгіленген тәуекелдер мен мүмкіндіктер және талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша оның міндеттемелеріне қатысты қабылдануы керек әрекеттерді қамтиды.

Жоспарланған іс-әрекеттер экологиялық мақсаттар белгілеуді (6.2-т қара) қамтуы немесе жеке немесе бірлесіп экологиялық менеджмент жүйесінің басқа процестеріне қосыла алады. Кейбір іс-әрекеттер менеджменттің басқа жүйелері арқылы жүзеге асырыла алады, мысалы денсаулықты қорғау немесе қауіпсіздікпен байланысты жүйелер немесе үздіксіз бизнес менеджменті жүйесі немесе тәуекел менеджментімен, қаржы немесе адам ресурстарымен байланысты басқа бизнес процестер арқылы жүзеге асырыла алады.

Ұйымдар өздерінің технология түрлерін қарастыруы кезінде, олар экономикалық ақталған, әсерлі және үнемді және тиімді деп танылған қолда бар үздік технологияларды қолдануды қарастыруы керек. Бұл ұйымның экологиялық шығындарды есепке алу әдістемесін міндетті пайдалануын қарастырмайды.

А.6.2 Экологиялық мақсаттар мен оларға жету бойынша жоспарлау

Жоғары басшылық стратегиялық, тактикалық немесе оперативті деңгейде экологиялық мақсаттарды қоя алады. Стратегиялық деңгей ұйымның ең жоғары деңгейлерін қамтиды және экологиялық мақсаттар барлық ұйыммен бүтін қолданыла алады. Тактикалық және оперативті деңгейлер нақты бірліктер үшін экологиялық мақсаттарды немесе ұйым шеңберінде қызметтерді қамти алады және оның стратегиялық бағыттарымен сыйысымды болуы керек.

Экологиялық мақсаттар экологиялық мақсаттарға жетуге әсер ете алатын ұйым бақылауы астында жұмыс істейтін тұлғаларға қатысты жеткізілуі керек.

«маңызды экологиялық аспектілерді есепке қабыладу» талабы экологиялық мақсат әр маңызды экологиялық аспект үшін қойыла алады дегенді білдірмейді, сонымен бірге маңызды экологиялық аспектілер экологиялық мақсаттарды белгілеу кезінде үлкен артықшылықтарға ие болуы мүмкін болады.

“Экологиялық саясатпен қарастырылғандай” экологиялық мақсаттарды тұрақты жақсарту туралы міндеттемелерді қоса, экологиялық саясатта жоғары басшылық өзіне

қабылдаған міндеттемелермен берік байланысты және үйлестірілгендігін білдіреді.

Өлшенетін экологиялық мақсаттарға жетуді бағалау үшін индикаторлар таңдалады. «Өлшенетін» экологиялық мақсатқа қол жеткізілген немесе жеткізілмегенін анықтау үшін белгіленген шкалаға қатысты сандық немесе сапалы әдістерді пайдалану мүмкіндігін білдіреді. «Егер орынды болса» деген экологиялық мақсатты өлшеу мүмкін болмайтын жағдай туындауы мүмкіндігін білдіреді, сонымен бірге ұйым экологиялық мақсатқа қол жеткізілгенін не қол жеткізілмегенін анықтай алуы маңызды болады.

Экологиялық индекстер (көрсеткіштер) туралы қосымша ақпаратты ISO 14031 қара.

А.7 Қамтамасыз ету құралдары

А.7.1 Ресурстар

Ресурстар экологиялық менеджмент жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мен жақсарту үшін және ұйымның экологиялық қызмет нәтижелерін жақсарту үшін қажет. Жоғары басшылық экологиялық менеджмент жүйесімен байланысты жаңаптылықты қажетті ресурстармен қолдауды қамтамасыз етуі керек. Ішкі ресурстар сыртқы провайдермен (провайдерлермен) толықтырыла алады.

Ресурстар адам ресурстарын, табиғи ресурстармен, инфрақұрылымды, технологиялық және қаржы ресурстарын қамти алады. Мысалы адам ресурстары арнайы дағды мен білімді қамтиды. Инфрақұрылым мысалдары ғимараттар, жабдықтар, жерасты сұйыққойма-қоймаларды және сорғыту жүйелерін қамтиды.

А.7.2 Құзыреттік

Осы стандарта құзыреттікке қойылатын талаптар ұйымның бақылауы астында жұмыс істейтін және оның экологиялық қызметінің нәтижелеріне әсер ететін тұлғаларға қолданылады, оған қоса мына тұлғалар да кіреді:

- а) Жұмыстары қоршаған ортаға елеулі әсер етуі себебі болатын әлеуетке ие;
- б) Мыналарды қоса экологиялық менеджмент жүйесі үшін жауаптылығы жеңілдетілген;

1) Қоршаған ортаға әсер етулерді немесе талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді анықтап бағалайтын;

- 2) Экологиялық мақсаттарға жетуге үлес қосатын;
- 3) Штаттық емес жағдайларды елейтін;
- 4) Ішкі аудитті жүзеге асыратын;
- 5) Сәйкестікті бағалауды орындайды

А.7.3 Хабардарлық

Экологиялық саясатқа қатысты хабардарлықты міндеттемелерді еске сақтау немесе ұйым бақылауы астында жұмысты орындайтын тұлғалар құжатталған экологиялық саясат көшірмесіне ие болуы керектігі тұрғысынан түсіну керек. Бұл қызметкерлер экологиялық саясаттың болуы, оның мақсаттары және олардың жұмыстарының ұйымның өздерінің талаптарды сақтауды қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындау қасиетіне әсер ету жолдарын қоса, міндеттемелерді орындаудағы өздерінің рольдерін білуі керек болады.

А.7.4 Ақпарат алмасу

Ақпарат алмасу ұйымға оның маңызды экологиялық аспектілеріне, экологиялық іс-

ҚР СТ ISO 14001-2016

әрекет нәтижелеріне, талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндетемелеріне және тұрақты жақсарту бойынша ұсыныстарға қатысты ақпаратты қоса олардың экологиялық менеджмент жүйесіне қатысты ақпаратты алу мен таратуға мүмкіндік береді. Ақпарат алмасу ұйымнан шығатын және оған келетін екі жақты процесс болып табылады.

Өзінің ақпарат алмасу процестерін әзірлеу кезінде барынша тиісті деңгейлер және қызметтермен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету үшін ұйымның ішкі құрылымын қарастыру керек болады. Жеке тәсіл көптеген түрлі мүдделі тараптардың қажеттіктерін барабар қанағаттандыра алады немесе жеке мүдделі тараптардың нақты қажеттіктерін қанағаттандыру үшін көптеген тәсілдер талап етіле алады.

Ұйым алатын ақпаратта оның экологиялық аспектілер менеджментіне қатысты нақты мәліметтерге мүдделі тараптардан сқраулар болуы мүмкін немесе олар арқылы ұйым осы менеджментті іске асыратын тәсілдерге қатысты жалпы пікірлер немесе көзқарастар болуы мүмкін болады. Бұндай көзқарастар мен пікірлер оң немесе теріс бола алады. Соңғы жағдайда (мысалы шағымдар) ұйым жылдам және нақты жауап беруі маңызды болады. Осы шағымдарды кейіннен талдау экологиялық менеджмент жүйесі үшін жақсартулар мүмкіндіктерін анықтау үшін құнды ақпарат бере алады.

Ақпарат алмасу мынадай болуы керек:

- a) Мөлдір, яғни ұйым өз хабарламаларын қалыптастыру жолында ашық;
- b) Сәйкес, себебі ақпарат олардың қатысуына көмектесіп тиісті мүдделі тараптардың қажеттіктерін қанағаттандыруы керек;
- c) Шынайы және хабарланатын ақпаратқа сүйенетіндерді адастырмауы керек;
- d) Фактілерге, дәл және сенім тудыратын болуы;
- e) Маңызды ақпараттан тұруы;
- f) Мүдделі тараптар үшін түсінікті болуы.

Өзгерістер менеджментінің бөлігі ретінде алмасу үшін ақпаратқа қатысты А.1-бөлімін қара. Алмасу үшін қосымша ақпаратқа қатысты ISO 14063 қара.

А.7.5 Құжатталған ақпарат

Ұйым экологиялық менеджменттің тиісті, барабар және тиімді жүйесін қамтамасыз ету үшін құжатталған ақпаратты құруы және қолдауы керек. Негізгі назарды экологиялық менеджмент жүйесінің енгізілуіне және экологиялық қызмет нәтижелеріне аудару керек, кешенді құжатталған ақпаратты басқару жүйесін қарастырмауға болады.

Осы стандарттың нақты бөлімдерінде талап етілетін құжатталған ақпараттан басқа, ұйым мөлдірлік, есеп беру, бүтіндік, келісілген, оқу немесе аудит өткізілуін жеңілдету мақсаттары үшін қосымша құжатталған ақпаратты қалыптастыруды таңдай алады.

Экологиялық менеджмент жүйесінің мақсаттарынан ерекшеленетін, мақсаттар үшін басынан бастап құрылған құжатталған ақпаратты пайдалануға болады. Экологиялық менеджмент жүйесімен байланысты құжатталған ақпарат ұйым енгізген басқа ақпараттық менеджмент жүйелерімен біріктіріле алады. Ол нұсқаулық түрінде болмауы керек.

А.8 Қызметі

А.8.1 Жоспарлау және басқару

Оперативті бақылау түрі мен көлемі операциялар, тәуекелдер мен мүмкіндіктер, маңызды экологиялық аспектілер мен талаптар сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерге байланысты болады. Ұйым операцияларды басқару әдістерінің түрін таңдау кезінде процестің (процестердің) тиімділігіне және олардың қажетті нәтижелерге жетуіне көз жеткізу үшін қажетті жиылыста немесе жеке таңдауда икемділік көрсете

алады. Бұндай әдістер мыналар бола алады:

- а) Қателіктерді болдырмау және келісілген нәтижелерді қамтамасыз ету үшін процесті (процестерді) жобалау;
- б) Процесті (процестерді) басқару технологиясын қолдану және қолайсыз нәтижелерді болдырмау (яғни техникалық бақылау);
- б) Қажетті нәтижелерді қамтамасыз ету үшін құзыретті персонал пайдалану;
- с) Белгіленген үлгіде процесті (процестерді) орындау;
- д) Нәтижелерді тексеру үшін мониторинг немесе өлшеу процестері;
- е) Құжатталған ақпаратты пайдалану және қажетті көлемін анықтау.

Ұйым тараптық орындаушылар немесе өнімдер мен қызметтер провайдерлері жүзеге асыратын процестерді басқару немесе оларға әсер ету үшін өзінің меншікті бизнес-процестері (мысалы сатып алу процесі) шегінде қажетті бақылау деңгейіне қатысты шешім қабылдайды. Ұйым шешімін мынадай факторларға негіздеу керек:

- мыналарды қоса білім, құзыреттік және ресурстар;
- ұйымның экологиялық менеджмент жүйесінің талаптарын орындауға қатысты сыртқы провайдер құзыреті;
- басқарудың тиісті иінтіректерін анықтау немесе осы иінтіректердің барабарлығын бағалауға қатысты ұйымның техникалық құзыреті;
- өнім немесе қызмет ұйымның өзінің жэкологиялық менеджмент жүйесінің болжалды шығуына жетуде әсер ете алатын маңыздылық пен әлеуетті әсер;
- процестерді басқару таратылатын дәреже;
- жалпы сатып алу процесін қолдану жолымен қажетті басқаруды жүзеге асыру қасиеті;
- бар мүмкіндіктерді кеңейту.

Егер процесті тараптық орындаушылар орындаса немесе егер өнім немесе қызметтер сыртқы провайдермен (провайдерлермен) жеткізілсе, ұйымның бақылауды жүзеге асыру қасиеті немесе әсері тіке басқарудан шектеулі немесе толық әсер етудің болмауына дейін өзгере алады. Кейбір жағдайларда тараптық орындаушыларға берілген және өндірістік алаңда орныдалатын процесс ұйымның тіке бақылауы астында бола алады, басқа жағдайларда ұйымның тараптық орындаушыларға немесе сыртқы жеткізушіге берген процеске әсер ету қасиеті шектелген болуы мүмкін.

Мердігерлерді қоса сыртқы провайдерлермен байланысты оперативті бақылау түрі мен дәрежесін анықтау кезінде ұйым бір немесе бірнеше факторларды қарастыра алады, атап айтқанда:

- экологиялық аспектілер және онымен байланысты қоршаған ортаға әсер ету;
- өнім өндіру немесе қызметтер көрсетумен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер;
